

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

Жуманова Асем Муратовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АРАЛАС МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС

**Павлодар
2025**

УДК 371,214
ББК 74.202
A75

Құрастырушы автор: Жуманова Асем Муратовна - Павлодар облысы, Павлодар қаласы, “Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі” КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Пікір жазған:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Педагогика және психология кафедрасының доценті, п.ғ.к - **А.Ш.Оракова**

«Білім әлемі» ғылыми-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңес
мәжілісінде талқыланып, 2025 ж. «19» қаңтар №2 хаттамасымен мақұлданған
және баспаға ұсынылған.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторл.бағд/құрастырған авт:А.М.Жуманова –
Алматы, «Білім әлемі» баспаханасы, 2025

ISBN 978-60182192-1-4

Авторлық бағдарлама жалпы білім мекемелері мұғалімдеріне арналған

УДК 371,214
ББК 74.202
A75

ISBN 978-60182192-1-4

құраст.Авт: А.М.Жуманова
© «Білім әлемі» баспаханасы, 2025 ж

Мазмұны

| | |
|-----------------------------------|--------|
| 1.Түсіндірме жазба | 1 |
| 2.Негізгі бөлім | 3-121 |
| 2.1.Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі | 3-11 |
| 2.2.Нормативтік бөлім | 12-16 |
| 2.3.Ақпараттық-әдістемелік бөлім | 17-26 |
| 2.4.Оқу-әдістемелік бөлім | 27-122 |
| 3.Қорытынды | 123 |
| 4.Пайдаланған әдебиеттер | 124 |

Түсіндірме жазба

Қазіргі ақпараттық қоғамда мәтіндердің түрлері мен жанрларының ауқымы кеңейіп, олардың қолданылу аясы да әртарапталды. Негізінде мәтін автордың ойын, оның шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыру үшін дүниеге келеді [1,15]. Қазір жазбаша коммуникацияда көп тілде немесе көп стильде қолданылатын мәтіндер жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде адамдардың ақпаратты қабылдауы мен өңдеуі процесіне жаңа талаптар мен мүмкіндіктер енгізді. Осы тұста мектептің орта буын оқушыларына арнап «Аралас мәтіндермен жұмыс» атты авторлық бағдарлама маңызды болып келеді, себебі бұл бағдарлама мәтіндердің құрамындағы тілдік және ақпараттық компоненттерді дұрыс талдай білуге, олардың құрылымдық ерекшеліктерін түсінуге және сол арқылы күрделі мәтіндермен тиімді жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мектепке керегі белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек [4,438]. Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей мектептегі оқушылардың көбірек білім біліп шығуы үшін нақты жоспарланған бағдарлама керек. Ұсынылған бағдарлама: бір ғана мәтінде түрлі тілдер, стильдер, терминдер мен белгілер жүйесінің бірлікте қолданылуы арқылы жасалған күрделі мәтіндер – аралас мәтіндермен жұмыс жасауға негізделген.

Өзектілігі: «Аралас мәтіндермен жұмыс» атты авторлық бағдарламаның өзектілігі қазіргі қоғамдағы ақпараттық кеңістіктің күрделілігі мен көпқабаттығына байланысты туындап отыр. Әлемде түрлі тілдер мен мәдениеттердің әсері, ақпараттық технологиялардың дамуы мен жаһандану үрдісі мәтіндердегі тілдер мен стильдердің араласуын жиілетуде. Бұған қосымша, интернет және цифрлық медианың дамуымен ақпараттың әртүрлі формаларда берілуі (мәтін, сурет, графика, бейнемазмұн) оқу мен талдау қабілеттеріне жаңа талаптар қойып отыр. Осыған байланысты аралас мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағдарлама орта буында білім алатын оқушылардың тек мәтінді түсіну емес, оның күрделілігін ескеріп, бірнеше деңгейде талдай білуге үйретеді.

Жаңалығы: Бағдарламаның жаңалығы – аралас мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда жаңа әдістемелік тәсілдер мен техникалардың қолданылуы. Бұл тәсілдер оқушыларды тек мәтіннің мазмұнын емес, оның құрылымын, контекстін және ақпараттық жүйесін жан-жақты талдауға бағытталған. Сонымен қатар, аралас мәтіндерді зерттеу арқылы оқушылардың көптілді және көпмәдениетті түсініктері тереңдей түседі. Мәтіндерде әртүрлі стилдер мен тілдердің араласуы қазіргі қоғамның шынайы бейнесін көрсетеді, сондықтан бұл бағдарлама білім алушыларға түрлі мәдениет пен ақпараттық контексті терең түсінуге мүмкіндік береді.

Мақсаты – орта буын оқушыларына әртүрлі контекстегі аралас мәтіндерді оқып, түсініп, олармен дұрыс жұмыс істей алатын дағдыларды қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Аралас мәтіндердің табиғаты мен ерекшеліктерін зерттеу.
2. Тілдік, құрылымдық және ақпараттық элементтерді бірлікте қарастыру арқылы мәтіннің толық мағынасын ашу.
3. Оқушыларға аралас мәтіндермен жұмыс істеу үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгерту.
4. Көпқабатты мәтіндердегі тілдік элементтердің өзара байланысын және олардың мағынасына әсерін түсіну.
5. Оқушылардың ақпаратты дұрыс қабылдау және оны талдау қабілеттерін дамыту.
6. Көптілді және көпмәдениетті мәтіндерді дұрыс интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижесі:

1. Оқушылар аралас мәтіндердің құрылымы мен мазмұнын толық әрі дұрыс түсініп, оларды талдай алады.
2. Мәтіндердің ішіндегі әртүрлі ақпараттық және тілдік компоненттердің өзара байланысын анықтай алады.
3. Күрделі мәтіндермен жұмыс істегенде олар мәліметті сараптап, синтез жасап, өз пікірін дұрыс әрі негізделген түрде білдіре алады.
4. Көптілді мәтіндермен жұмыс жасағанда өздерінің тілдік дағдыларын кеңейтіп, көпмәдениетті түсінікке ие болады.
5. Оқушылар ақпараттық және мәдени контексті ескеріп, мәтіндердің әр түрлі интерпретацияларын салыстыра алады.

Бұл бағдарлама орта буын оқушыларының мәтіндердегі ақпараттың мәнін аша білу, мәтіннің құрылымын түсіну, түрлі тілдік деңгейлерді (лексика, грамматика, стиль, контекст) бірдей ескеріп талдау жүргізу сияқты қабілеттерді дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, аралас мәтіндермен жұмыс істеу барысында оқушылардың тілдік қорын байыту, ойлау қабілетін жетілдіру, талдау мен синтез жасау дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Бұл бағдарлама оқушыларға тек тіл мен мәтін теориясын меңгеру ғана емес, сонымен бірге оларды түрлі ақпараттық және мәдени контексттерде пайдалану мүмкіндігін береді.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

1-бөлім. Мәтінге кіріспе (5 сағат)

1-сабақ. Кіріспе. Мәтін дегеніміз не? (1 сағат)

Мақсаты:

- Мәтін ұғымымен таныстыру.
- Мәтіннің не екенін түсіндіру.
- Мәтіннің негізгі белгілерін ажыратуға үйрету.

Теориялық бөлім:

- Мәтін туралы түсінік беру: Мәтін дегеніміз – мағынасы, ойы бар, бірнеше сөйлемнен құралған тілдік бірлік.
- Мәтіннің негізгі белгілерін түсіндіру:

Бірлік: Мәтіннің біртұтас болуы, сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы.

Мағына: Мәтіннің белгілі бір ойды, мағынаны білдіруі.

Тілдік бірлік: Мәтіннің тілдің заңдылықтарына сай құрылуы.

- Мәтін мен сөйлемнің айырмашылығын түсіндіру: Сөйлем – бір ойды білдіреді, ал мәтін – бірнеше сөйлемнен құралады және толыққанды мағына береді.

Практикалық бөлім:

- Мәтінге мысалдар келтіру (қысқаша әңгіме, жарнама, хабарландыру т.б.).
- Сөйлемдер тізбегін оқып, олардың мәтін бола алатынын немесе бола алмайтынын анықтау.

Білім өнімі:

- Оқушылардың өздерінің мәтінге анықтама беруі.
- Мәтінге мысалдар келтіруі.
- Мәтін мен сөйлемнің айырмашылығын өз сөздерімен түсіндіруі.

2-3-сабақ. Мәтіннің мағынасын ашу және оған ат қою (2 сағат)

Мақсаты:

- Оқушыларды мәтінді оқып, оның негізгі ойын анықтауға үйрету.
- Мәтіннің мазмұнына сай ат қоюға дағдыландыру.
- Оқушылардың сөздік қорын байыту.

Теориялық бөлім:

- Мәтіннің негізгі ойы дегеніміз не екенін түсіндіру: Мәтіндегі ең маңызды, басты ақпарат, мәтіннің не туралы екендігі.
- Мәтіннің аты дегеніміз не екенін түсіндіру: Мәтіннің мазмұнын қысқаша білдіретін сөз немесе сөз тіркесі.
- Мәтіннің аты мен негізгі ойының байланысы: Мәтіннің аты оның негізгі ойына сәйкес болуы керек.

Практикалық бөлім:

- Қысқа әңгімелерді, ертегілерді, мақалаларды оқу.
- Оқыған мәтіндердің негізгі ойын талқылау (оқушылардың өз сөздерімен).
- Мәтін мазмұнына сәйкес әртүрлі аттар ұсыну (бір мәтінге бірнеше ат қоюға болатынын түсіндіру).
- Ең қолайлысын таңдап, неге таңдағанын түсіндіру.

Білім өнімі:

- Оқушылардың оқыған мәтіндерінің мағынасын түсіндіріп, негізгі ойын ашып айтуы.
- Мәтіндерге мағынасына сай ат қоюы.
- Неге дәл осы атты таңдағанын түсіндіруі.

4-5-сабақ. Мәтіннің құрылымдық бөліктері (2 сағат)**Мақсаты:**

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерімен таныстыру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).
- Әр бөліктің мақсатын түсіндіру.
- Мәтіндерден осы бөліктерді ажырата білуге үйрету.

Теориялық бөлім:

- Мәтіннің құрылымдық бөліктері туралы түсінік беру:

Кіріспе: Мәтіннің басы, оқушыны мәтінмен таныстырады, не туралы екенін білдіреді.

Негізгі бөлім: Мәтіннің ең маңызды бөлігі, басты ой осында ашылады.

Қорытынды: Мәтіннің соңы, оқушылар оқыған мәтіннен түйін шығарады.

- Әр бөліктің мақсатын түсіндіру: Кіріспе – мәтінге қызығушылық оятады, негізгі бөлім – ақпарат береді, қорытынды – ойды жинақтайды.

Практикалық бөлім:

- Қысқа әңгімелерді, ертегілерді, мақалаларды оқу.
- Оқыған мәтіндердің құрылымдық бөліктерін анықтау (кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын бөліп көрсету).
- Әр бөліктің мақсатын талқылау (кіріспеде не айтылған, негізгі бөлімде қандай ақпарат берілген, қорытындыда не түйінделген).

Білім өнімі:

- Оқушылардың мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырата білуі.
- Әр бөліктің мақсатын түсіндіруі.
- Мәтіндерден құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуі.

2-бөлім. Мәтіннің ерекшеліктері (8 сағат)**6-7. Жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері (2 сағат)**

Тақырып: Жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері

Оқу мақсаты: Жазбаша мәтіннің ерекшеліктерін талдау, жазу барысында қолданылатын белгілерді (абзац, тақырып) тану.

Барлығы: 2 сағат

Теория (1 сағат):

- Жазбаша мәтіннің ауызша мәтіннен айырмашылығы (мысалы: жазбаша мәтін тұрақты, нақты, сақталады).
- Мәтіннің құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.
- Абзацтың мәтіндегі рөлі (бір ойды білдіретін сөйлемдер тобы).
- Тақырыптың мәтіндегі рөлі (мәтіннің не туралы екенін көрсетеді).
- Тақырыпты дұрыс қою жолдары (мәтіннің мазмұнын қамтуы).
- Мәтінді бөліктерге бөлудің маңыздылығы.
- Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындының қызметтері.

- Кіріспенің мақсаты - оқушыны мәтінге дайындау.
- Негізгі бөлімдегі ойдың ашылуы, дәйектемелер келтірілуі.
- Қорытындыдағы мәтіннің негізгі идеясын қорыту.

Практика (1 сағат):

- Топтық жұмыс: Берілген мәтіндерді талдау, абзацтарды анықтау, тақырып қою.
- Жұптық жұмыс: Берілген мәтіннен кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыны бөліп көрсету.
- Жеке жұмыс: Шағын мәтін жазу, оны абзацтарға бөлу және тақырып қою.
- Мәтінді оқып, абзацтарға бөлуге жаттығу.
- Мәтіннің тақырыбын анықтауға және өз тақырыбын ойлап табуға жаттығу.
- Мәтінді толықтыру немесе қысқарту арқылы құрылымын өзгерту тәжірибесі.

Білім өнімі: Жазбаша мәтін құруда құрылымдық ерекшеліктерді ескере білу. (Оқушылар жазған шағын мәтіндерін көрсету).

8-9. Оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар (2 сағат)

Тақырып: Оқылым дағдысын қалыптастыру

Оқу мақсаты: Мәтінді түсініп оқу, жылдам оқу, мәтіннен қажет ақпаратты табу.

Барлығы: 2 сағат

Теория: Теориялық бөлім қарастырылмайды, оқушылар практикалық жаттығулар арқылы дағдыларын қалыптастырады.

Практика (2 сағат):

- Түрлі мәтіндерді оқу: әңгімелер, өлеңдер, тақырыптық мәтіндер.
- Түсініп оқу жаттығулары: мәтіннен негізгі ойды табу, кейіпкерлерді сипаттау, сұрақтарға жауап беру.
- Жылдам оқу жаттығулары: көз жаттығулары, таймермен оқу.
- Мәтіннен қажет ақпаратты табу жаттығулары: сұрақтарға жауап беру үшін мәтіннен нақты мәліметтерді табу.
- Рөлдік оқу: Мәтінді әр түрлі кейіпкерлердің атынан оқып шығу.
- Оқығанын айту: Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізу.
- Сұрақтар құрастыру: Оқыған мәтінге сәйкес сұрақтар құрастыру.

Білім өнімі: Түрлі мәтіндерді оқу дағдыларын көрсету, сұрақтарға жауап беру. (Оқушылардың мәтін мазмұнын түсінгенін көрсететін ауызша жауаптары).

10-11. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға тапсырмалар (2 сағат)

Тақырып: Тыңдалым дағдысын дамыту

Оқу мақсаты: Мәтінді мұқият тыңдау, негізгі ойды түсіну, тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

Барлығы: 2 сағат

Теория: Теориялық бөлім қарастырылмайды, оқушылар практикалық жаттығулар арқылы дағдыларын қалыптастырады.

Практика (2 сағат):

- Мұғалімнің дауыстап оқыған мәтінін тыңдау (әңгіме, өлең, тақырыптық мәтін).
- Мәтінді тыңдаған соң негізгі ойды анықтау.
- Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға ауызша және жазбаша жауап беру.
- Тыңдаған мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қою.
- Мәтіндегі кейіпкерлерді сипаттау.
- Мәтін бойынша өз пікірін айту.
- Мәтінді тыңдағанда дәптерге негізгі тірек сөздерді жазып отыруға жаттығу.
- Тыңдаған мәтінге сүйене отырып сурет салу.

Білім өнімі: Тыңдаған мәтін бойынша жазбаша/ауызша түрде жауап беру. (Оқушылардың мәтінді қабылдағанын көрсететін жауаптары, суреттері).

12. Тест тапсырмалары (1 сағат)

Тақырып: Білімді тексеру

Оқу мақсаты: 1-2 бөлімдер бойынша білімді тексеру, мәтін түсінігін бағалау.

Барлығы: 1 сағат

Теория: Теориялық бөлім қарастырылмайды.

Практика (1 сағат):

- Тест тапсырмаларын орындау (мәтін түсінігіне, құрылымдық ерекшеліктеріне, оқу және тыңдалым дағдыларына арналған сұрақтар).
- Тапсырмаларды орындау барысында өзін-өзі бағалау.
- Қателермен жұмыс.

Білім өнімі: Тест тапсырмалары арқылы білімді көрсету. (Оқушылардың тест нәтижелері).

13. Эссе жазу (1 сағат)

Тақырып: Эссе жазу

Оқу мақсаты: Берілген тақырып бойынша өз ойын мәтін түрінде жаза білу.

Барлығы: 1 сағат

Теория: Теориялық бөлім қарастырылмайды.

Практика (1 сағат):

- Эссе жазу ережелері (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).
- Тақырып таңдау.
- Жазба жұмысын жоспарлау.
- Тақырып бойынша шағын эссе жазу (өз ойын білдіретін, нақты мысалдар келтіретін).
- Жазылған эсселерді оқу және талдау.

Білім өнімі: Тақырып бойынша шағын эссе жазу. (Оқушылардың жазған эсселері).

3-бөлім. Мәтін стилі мен жанры (11 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар мәтіннің әртүрлі стильдері мен жанрлары туралы білімдерін кеңейтеді. Олар әр стильдің ерекшеліктерін ажыратып, оларды қолдануды үйренеді.

14-15 сабақтар: Мәтін стилі мен жанрын анықтау (2 сағат)

Тақырыбы: Мәтін стилі мен жанрына кіріспе.

Оқу мақсаты: Мәтіннің стилін (публицистикалық, ғылыми, ауызекі, көркем әдебиет) және жанрын (әңгіме, мақала, т.б.) ажырату.

Теория (1 сағат):

- Мәтін дегеніміз не? Оның мақсаты мен құрылымы туралы түсінік беру.
- Стиль дегеніміз не? Мәтін стильдерінің түрлерімен (публицистикалық, ғылыми, ауызекі, көркем әдебиет) таныстыру.
- Жанр дегеніміз не? Мәтін жанрларының мысалдарын (әңгіме, мақала, хабарлама, т.б.) келтіру.
- Стиль мен жанрдың байланысы туралы түсінік беру.

Практика (1 сағат):

- Түрлі стильдер мен жанрларда жазылған мәтіндерді оқу.
- Оқыған мәтіндердің стилі мен жанрын анықтауға жаттығу.
- Тақырыпқа сай мәтіндердің үлгілерін талдау.

Білім өнімі: Мәтіндердің стилі мен жанрын ажыратып, мысалдар келтіру.

16-17 сабақтар: Публицистикалық стиль (2 сағат)

Тақырыбы: Публицистикалық стильдің ерекшеліктері.

Оқу мақсаты: Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру.

Теория (1 сағат):

- Публицистикалық стильдің мақсаты мен қолданылу аясы (газет, журнал, радио, теледидар, интернет) туралы айту.
- Публицистикалық стильдің ерекшеліктері: қоғамдық-саяси мәселелерді көтеру, дәлелділік, ашықтық, экспрессивтілік, эмоционалдылық, тілдік бейнелілігі.
- Публицистикалық стильде жазылған мәтін үлгілерін келтіру (жаңалық, мақала, очерк, сұхбат, т.б.).

Практика (1 сағат):

- Публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді оқу және талдау.
- Берілген тақырып бойынша публицистикалық стильде шағын мәтін жазу (мысалы, хабарлама немесе шағын мақала).
- Жазған мәтіндерді талдап, стильдік ерекшеліктерін ажырату.

Білім өнімі: Публицистикалық стильде жазылған мәтін жазу, стильдің ерекшелігін түсіндіру.

18-19 сабақтар: Ғылыми стиль (2 сағат)

Тақырыбы: Ғылыми стильдің ерекшеліктері.

Оқу мақсаты: Ғылыми стильдің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру.

Теория (1 сағат):

- Ғылыми стильдің мақсаты мен қолданылу аясы (оқулық, ғылыми мақала, диссертация, т.б.) туралы айту.
- Ғылыми стильдің ерекшеліктері: нақтылық, дәлдік, логикалық жүйелілік, терминологияның қолданылуы, бейтараптық.
- Ғылыми стильде жазылған мәтін үлгілерін келтіру.

Практика (1 сағат):

- Ғылыми стильде жазылған мәтіндерді оқу және талдау (мысалы, кітаптан үзінді, ғылыми мақаладан).
- Берілген тақырып бойынша ғылыми стильде шағын мәтін жазу (мысалы, қысқаша анықтама немесе түсіндірме).
- Жазған мәтіндерді талдап, стильдік ерекшеліктерін ажырату.

Білім өнімі: Ғылыми стильде жазылған мәтінді талдау, стильдің ерекшелігін түсіндіру.

20-21 сабақтар: Ауызекі сөйлеу стилі (2 сағат)

Тақырыбы: Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктері.

Оқу мақсаты: Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру.

Теория (1 сағат):

- Ауызекі сөйлеу стилінің қолданылу аясы (күнделікті тілдесу, отбасылық әңгіме, достар арасындағы әңгіме) туралы айту.
- Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктері: қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, эмоционалдық, бейнелілік, ым-ишараны пайдалану.
- Ауызекі сөйлеу стиліндегі диалог, әңгіме үлгілерін келтіру.

Практика (1 сағат):

- Ауызекі сөйлеу стиліндегі диалогтарды оқу және талдау.
- Берілген жағдаят бойынша ауызекі сөйлеу стилінде диалог немесе әңгіме құрастыру (мысалы, екі дос арасындағы сөйлесу).
- Құрастырған диалог пен әңгімелерді талдап, стильдік ерекшеліктерін ажырату.

Білім өнімі: Ауызекі сөйлеу стиліндегі диалог немесе әңгіме құрастыру.

22-23 сабақтар: Көркем әдебиет стилі (2 сағат)

Тақырыбы: Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері.

Оқу мақсаты: Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру.

Теория (1 сағат):

- Көркем әдебиет стилінің мақсаты мен қолданылу аясы (әңгіме, повесть, роман, өлең, т.б.) туралы айту.
- Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері: бейнелі сөздерді қолдану, эмоцияны жеткізу, автордың көзқарасын білдіру, сюжеттің болуы, кейіпкерлердің болуы.
- Көркем әдебиет стилінде жазылған мәтін үлгілерін келтіру (өлең, әңгімеден үзінді).

Практика (1 сағат):

- Көркем әдебиет стилінде жазылған мәтіндерді оқу және талдау.
- Берілген тақырып бойынша көркем әдебиет стилінде шағын мәтін жазу (мысалы, әңгімеден үзінді немесе өлең).
- Жазған мәтіндерді талдап, стильдік ерекшеліктерін ажырату.

Білім өнімі: Көркем әдебиет стилінде шағын мәтін жазу, стильдің ерекшелігін түсіндіру.

24 сабақ: Тест тапсырмалары (1 сағат)

Тақырыбы: 3-бөлім бойынша білімді тексеру.

Оқу мақсаты: 3-бөлім бойынша білімді тексеру.

Практика (1 сағат):

- Тест тапсырмаларын орындау (мәтіннің стилін, жанрын анықтау, стильдік ерекшеліктерін табу).
- Тест нәтижелерін талдау.

Білім өнімі: Тест тапсырмалары арқылы білімді көрсету.

4-бөлім: Мәтін талдау (10 сағат)

25. Мәтінге жоспар құру (1 сағат)

Мақсаты: Мәтінді оқып, оның мазмұнын түсінуге, негізгі ойды анықтай білуге және мәтінге жоспар құруға үйрету.

Мазмұны:

Теория: Жоспар дегеніміз не, оның қандай түрлері бар, жоспар құрудың маңыздылығы туралы түсінік беру.

Практика: Оқулықтағы немесе мұғалім дайындаған мәтінді оқу. Мәтінді бөліктерге бөлу, әр бөліктің негізгі ойын анықтау, тақырып қою. Мәтінге қарапайым жоспар құру (мысалы, тақырыптар тізбегі, қысқаша тезистер).

Білім өнімі: Оқушылар мәтінді оқып, оған қарапайым жоспар құра білуі керек.

26. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру (1 сағат)

Мақсаты: Мәтінді талдау, оның мәселелерін анықтау және проблемалық сұрақтар құрастыру дағдыларын дамыту.

Мазмұны:

Теория: Проблемалық сұрақтар дегеніміз не, олардың қандай ерекшеліктері бар, не үшін керек екені туралы түсінік беру.

Практика: Мәтінді қайта оқу, мәселелерді анықтау. Проблемалық сұрақтарды құрастыруға жаттығу (мысалы, “Неліктен?”, “Қалай?”, “Не үшін?”, “Не болар еді?” деген сөздерді пайдалану).

Білім өнімі: Оқушылар мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра білуі керек.

27-28. Аралас мәтіндермен жұмыс (2 сағат)

Мақсаты: Түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндермен жұмыс істеу, мәтіндерді талдау, негізгі ойды анықтау, салыстыру дағдыларын дамыту.

Мазмұны:

Теория: Мәтін стильдері (көркем, ғылыми, публицистикалық), жанрлары (әңгіме, өлең, мақала, т.б.) туралы түсінік беру.

Практика: Мұғалім таңдаған түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді оқу. Әр мәтіннің ерекшеліктерін талдау, негізгі ойын анықтау, мәтіндерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.

Білім өнімі: Оқушылар түрлі стильдегі мәтіндерді талдап, негізгі ойды анықтай білуі керек.

29. Қателермен жұмыс (1 сағат)

Мақсаты: Өз жұмыстарындағы қателерді талдау және оларды түзету дағдыларын дамыту.

Мазмұны:

Теория: Қателердің түрлері (грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық) туралы қысқаша түсінік беру.

Практика: Бұрынғы жұмыстардағы қателерді мұғалімнің көмегімен талдау, қателерді табу және түзету, қателерді түзету әдістерімен танысу.

Білім өнімі: Оқушылар өз жұмыстарындағы қателерді тауып, өз бетінше түзете білуі керек.

30. Мәтіндерге синтаксистік талдау (1 сағат)

Мақсаты: Мәтіндегі сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдау, сөйлем мүшелерін ажырата білу дағдысын дамыту.

Мазмұны:

Теория: Сөйлем мүшелері (бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) туралы түсінік беру.

Практика: Мәтіндегі қарапайым сөйлемдерді таңдап, оларды синтаксистік тұрғыдан талдау. Сөйлем мүшелерін анықтау, сөйлемнің құрылысын талдау.

Білім өнімі: Оқушылар сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдай білуі керек.

31. Мәтіндерге морфологиялық талдау (1 сағат)

Мақсаты: Мәтіндегі сөздерді морфологиялық тұрғыдан талдау, сөз таптарын ажырата білу дағдысын дамыту.

Мазмұны:

Теория: Сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік, сан есім, т.б.) туралы түсінік беру.

Практика: Мәтіндегі қарапайым сөздерді таңдап, оларды морфологиялық тұрғыдан талдау. Сөз таптарын анықтау.

Білім өнімі: Оқушылар сөздерді морфологиялық тұрғыдан талдай білуі керек.

32-33. Жазба жұмысы. Мәтінмен жұмыс (2 сағат)

Мақсаты: Мәтінді пайдаланып, өз ойын жазбаша түрде жеткізу дағдысын дамыту.

Мазмұны:

Практика: Мұғалім ұсынған тақырып бойынша мәтін құрастыру (мысалы, мәтінге өз пікірін білдіру, қысқаша әңгіме жазу, т.б.). Мәтінді жазу барысында өз ойын дұрыс жеткізуге, сөздік қорын пайдалануға, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтауға баулу.

Білім өнімі: Оқушылар берілген тақырып бойынша мәтін құрастырып, өз ойын жазбаша түрде жеткізе білуі керек.

34. Қорытынды сынақ тапсырмалары (1 сағат)

Мақсаты: Барлық бөлімдер бойынша алған білімді қорытындылау және оқушылардың білім деңгейін бағалау.

Мазмұны:

Практика: Тест тапсырмалары (мәтін бойынша сұрақтар, жоспар құру, қателерді табу, сөйлем мүшелерін анықтау, сөз таптарын ажырату, т.б.), жазбаша жұмыстар (қысқаша эссе, мәтін құрастыру).

Білім өнімі: Оқушылар қорытынды сынақ тапсырмалары арқылы алған білімдерін көрсете білуі керек.

Нормативті бөлім

1-бөлім. Мәтінге кіріспе (5 сағат)

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|---|---|---------|--------|----------|--|
| 1. Кіріспе. Мәтін дегеніміз не? | Мәтіннің анықтамасын түсіну, мәтіннің белгілерін ажырату. | 1 | 1 | - | Мәтінге өз анықтамасын беру, мысалдар келтіру. |
| 2-3. Мәтіннің мағынасын ашу және оған ат қою | Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау, мәтіннің мағынасына сай ат қою. | 2 | 1 | 1 | Оқыған мәтіндерге мағынасына сай ат қою. |
| 4-5. Мәтіннің құрылымдық бөліктері | Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды сияқты мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату, әр бөліктің мақсатын түсіну. | 2 | 1 | 1 | Мәтіндерден құрылымдық бөліктерін бөліп көрсету. |

2-бөлім. Мәтіннің ерекшеліктері (8 сағат)

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|--|---|---------|--------|----------|---|
| 6-7. Жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері | Жазбаша мәтіннің ерекшеліктерін талдау, жазу барысында қолданылатын белгілерді (абзац, тақырып) тану. | 2 | 1 | 1 | Жазбаша мәтін құруда құрылымдық ерекшеліктерді ескере білу. |

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|---|---|---------|--------|----------|---|
| 8-9. Оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар | Мәтінді түсініп оқу, жылдам оқу, мәтіннен қажет ақпаратты табу. | 2 | - | 2 | Түрлі мәтіндерді оқу дағдыларын көрсету, сұрақтарға жауап беру. |
| 10-11. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға тапсырмалар | Мәтінді мұқият тыңдау, негізгі ойды түсіну, тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. | 2 | - | 2 | Тыңдаған мәтін бойынша жазбаша/ауызша түрде жауап беру. |
| 12. Тест тапсырмалары | 1-2 бөлімдер бойынша білімді тексеру, мәтін түсінігін бағалау. | 1 | - | 1 | Тест тапсырмалары арқылы білімді көрсету. |
| 13. Эссе жазу | Берілген тақырып бойынша өз ойын мәтін түрінде жаза білу. | 1 | - | 1 | Тақырып бойынша шағын эссе жазу. |

3-бөлім. Мәтін стилі мен жанры (11 сағат)

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|-------------------------------------|--|---------|--------|----------|------------------------------|
| 14-15. Мәтін стилі мен жанры | Мәтіннің стилін (публицистикалық, ғылыми, ауызекі, | 2 | 1 | 1 | Мәтіндердің стилі мен жанрын |

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|-------------------------------------|---|---------|--------|----------|--|
| жанрын анықтау | көркем әдебиет) және жанрын (әңгіме, мақала, т.б.) ажырату. | | | | ажыратып, мысалдар келтіру. |
| 16-17. Публицистикалық стиль | Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру. | 2 | 1 | 1 | Публицистикалық стильде жазылған мәтін жазу, стильдің ерекшелігін түсіндіру. |
| 18-19. Ғылыми стиль | Ғылыми стильдің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру. | 2 | 1 | 1 | Ғылыми стильде жазылған мәтінді талдау, стильдің ерекшелігін түсіндіру. |
| 20-21. Ауызекі сөйлеу стилі | Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру. | 2 | 1 | 1 | Ауызекі сөйлеу стиліндегі диалог немесе әңгіме құрастыру. |

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|------------------------------------|--|---------|--------|----------|---|
| 22-23. Көркем әдебиет стилі | Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін түсіну, мысалдар келтіру. | 2 | 1 | 1 | Көркем әдебиет стилінде шағын мәтін жазу, стильдің ерекшелігін түсіндіру. |
| 24. Тест тапсырмалары | 3-бөлім бойынша білімді тексеру. | 1 | - | 1 | Тест тапсырмалары арқылы білімді көрсету. |

4-бөлім. Мәтін талдау (10 сағат)

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|---|--|---------|--------|----------|--|
| 25. Мәтінге жоспар құру | Мәтінді оқып, жоспар құру, әр бөлімді бөліп, негізгі ойды анықтау. | 1 | - | 1 | Мәтінді оқып, қарапайым жоспар құра білу. |
| 26. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру | Мәтінді талдау, мәселелерді анықтау, проблемалық сұрақтар құрастыру. | 1 | - | 1 | Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу. |
| 27-28. Аралас мәтіндерме | Түрлі стильдегі, жанрдағы мәтіндермен жұмыс, мәтінді | 2 | - | 2 | Түрлі стильдегі мәтіндерді талдау, негізгі |

| Тақырып | Оқу мақсаты | Барлығы | Теория | Практика | Білім өнімі |
|--|--|---------|--------|----------|---|
| н жұмыс | талдау, негізгі ойды анықтау. | | | | ойды анықтай білу. |
| 29. Қателермен жұмыс | Жұмыстағы қателерді талдау, қателерді түзету. | 1 | - | 1 | Қателерді тауып, өз бетінше түзете білу. |
| 30. Мәтіндерге синтаксистік талдау | Мәтіндегі сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдау, сөйлем мүшелерін ажырату. | 1 | 1 | - | Сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдай білу. |
| 31. Мәтіндерге морфологиялық талдау | Мәтіндегі сөздерді морфологиялық тұрғыдан талдау, сөз таптарын ажырату. | 1 | 1 | - | Сөздерді морфологиялық тұрғыдан талдай білу. |
| 32-33. Жазба жұмысы. Мәтінмен жұмыс | Мәтінді пайдаланып, өз ойын жазбаша түрде жеткізу. | 2 | - | 2 | Берілген тақырып бойынша мәтін құрастыру, өз ойын жазбаша жеткізе білу. |
| 34. Қорытынды сынақ тапсырмалары | Барлық бөлімдер бойынша білімді қорытындылау, тест тапсырмалары, жазбаша жұмыстар. | 1 | - | 1 | Қорытынды сынақ тапсырмалары арқылы білімді көрсету. |

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасында қолданылатын сабақ және жұмыс түрлері

Жаңа материалды өту сабағы. Бұл сабақтың мақсаты мен материалдарды әр жақты талдап меңгеруге негізделетін сабақ түрі [3,109]. Онда мұғалім белгілі бір жаңа тақырыпты оқушылардың өздерін нақтылы мысалдармен іздестіре отырып түсіндіреді де, олармен әңгімелесе отырып, оның әр жақты ерекшеліктерін түсіндірмелі талдау жолдарымен меңгертеді.

Дәстүрлі лекция-сабақ. Лекция түрінде өткізілетін сабақтарда негізгі теориялық мәліметтер, аралас мәтіндердің түрлері мен ерекшеліктері түсіндіріледі. Мұнда оқушылардың алдына мәтіндерді әртүрлі аспектілер бойынша талдау мақсаттары қойылады. Лекция барысында нақты мысалдар мен зерттеулер, теориялық негіздер келтіріледі [6,70]

Семинар сабақтары. Семинарлар оқушылардың жеке ойларын және талдау қабілеттерін дамытуға бағытталған [6,71]. Бұл сабақ түрінде оқушыларға аралас мәтіндер беріліп, олар топтық немесе жеке түрде талқыланып, әртүрлі әдіс-тәсілдермен шешімдер қабылданады. Семинарлар арқылы оқушылардың өзара пікір алмасуы мен талқылаулары ұйымдастырылады.

Практикалық сабақтар. Практикалық сабақтарда оқушылар алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Аралас мәтіндермен жұмыс істегенде олар түрлі әдістерді пайдаланып, мәтіннің құрылымы мен мәнін талдайды. Мысалы, мәтіндегі лексикалық, грамматикалық және құрылымдық элементтерді анықтау және оларды дұрыс қолдану бойынша тапсырмалар беріледі [6,72].

Бекіту сабақ. Өтілген белгілі бір көлемді тақырыпты оқушыларға тиянақты меңгертуге арналып ұйымдастырылатын сабақ түрі [3,110].

Тексеру сабағы. Бұл сабақ оқушылардың өткен материалдарды қаншалықты меңгергенін байқау мақсатында ұйымдастырылады [3,110].

Дискуссия (Пікірталас)

Аралас мәтіндер туралы пікірталастар оқушылардың ойлау қабілеттерін, сыни тұрғыда бағалау дағдыларын арттырады. Сабақ барысында оқушылар әртүрлі көзқарастарды білдіріп, мәтіннің көпқабатты құрылымын қалай түсінетіндерін айқындайды [6,87]. Дискуссиялар тыңдаушыларды тексттің терең мағынасын түсінуге, мәтіннің ықпалы мен оның түрлі мәдени контексттегі маңызын зерттеуге бағыттайды

Кейс-стадия (Situation-based learning).

Тыңдаушылардың оқуға қызығушылығын арттырады және кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Қандайда бір мәселеге қатысты көзқарасын танытуды, шығармашылық әлеуетін арттыруды және ой-өрістің кеңеюін қамтамасыз етеді. [2,5].

Кейс-стадия сабағында оқушылар нақты өмірлік жағдайлармен байланысты аралас мәтіндерге талдау жасайды. Мұнда түрлі күрделі мәтіндер, мысалы,

көптілді мақалалар немесе жарнамалық мәтіндер арқылы оқушылар ақпаратты сараптап, нақты шешімдер қабылдауға үйренеді. Бұл әдіс өмірлік тәжірибе мен практикалық білімді біріктіреді.

Топтық жұмыс.Топтық жұмыстар арқылы оқушылар аралас мәтіндерді бірлесе талдайды. Әр топ өзіне тапсырылған мәтінді саралап, оның құрылымдық және ақпараттық құрамын зерттейді. Топтық жұмыс оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастықта болуын, пікір алмасуды және топтық шешім қабылдауды дамытуға көмектеседі [6,89].

Жобалық жұмыс.Жобалық жұмыс сабақтары кезінде оқушылар белгілі бір тақырып аясында аралас мәтіндермен жұмыс жасайды, зерттеу жүргізіп, нәтижелерін қорытындылайды. Олар жобаларын топ болып немесе жеке орындап, соңында өз жұмыстарын қорғап, басқа оқушылармен талқылайды. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, зерттеушілік және презентация дағдыларын қалыптастырады.

Мультимедиялық сабақтар.Цифрлық және мультимедиялық құралдарды қолдану сабақтардың тиімділігін арттырады. Визуалды, аудио және мәтіндік ақпараттарды біріктіру арқылы оқушылар аралас мәтіндердің құрылымын түсінуді тереңдетеді. Мультимедиялық құралдармен жұмыс жасау мәтіндерді әртүрлі деңгейде (графика, бейнемазмұн, инфографика) талдауға мүмкіндік береді.

Рефлексия және өзіндік жұмыс.Сабақтың соңында оқушылар өздерінің түсініктерін және алған білімдерін жинақтап, рефлексиялық жұмыс жасайды. Бұл кезде олар өздерінің оқу процесінде қандай нәтижелерге жеткенін, қандай қиындықтармен кездескенін, әрі қарай не істеу керектігін бағалайды. Өзінің ой-пікірін қорытындылау және алған білімдерін қорытындылау арқылы оқушылардың өзіндік талдау қабілеттері дамиды.

Бұл сабақ формалары оқушыларды тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды практикалық түрде аралас мәтіндермен жұмыс істеуге дайындайды. Сонымен қатар, түрлі сабақ формаларын қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері мен топтық жұмыс дағдылары да жетілдіріледі.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасында қолданылатын әдіс-тәсілдер

Әңгімелесу әдісі.

Бұл балалардың бойын үйрету үшін істеледі. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі [4,370]. Бұл әдіс арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, еркін сөйлеу, ойын ашық айту дағдыларын қалыптастырады.

Мәтіндерді талдау әдісі.

Бұл әдіс аралас мәтіндердегі лексикалық, грамматикалық, құрылымдық және стилистикалық элементтерді талдауға бағытталған. Оқушыларға аралас мәтіндер беріліп, олар мәтіндегі әртүрлі компоненттерді (мысалы, мәтіннің құрылымы, стилі, тілдік деңгейлері) талдап, олардың арасындағы байланыстарды анықтауға тапсырма беріледі. Бұл әдіс оқушыларға мәтіндердің көпқабатты құрылымын түсінуге және дұрыс талдай білуге көмектеседі.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісі. Оқушыларға мәтіндерге сыни тұрғыдан қарау, оларды түсініп, сын тұрғысынан бағалау тапсырмалары беріледі. Бұл әдіс мәтіндердің мәнін толық түсінуге, автордың ниетін анықтауға, мәтіннің контекстін сараптауға мүмкіндік береді. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушылардың ақыл-ойын дамытып, ақпаратты талдаудың терең тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі. Бұл әдіс оқушыларға нақты тақырып бойынша жобалар жасауға бағытталған. Жобалау әдісі оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін, зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [5,103-104]. Олар аралас мәтіндерді жинақтап, зерттеп, солардың негізінде өздерінің зерттеу жобаларын құрады. Оқушылар өз жобаларын қорғап, сыныптағы басқа оқушылармен пікір алмасады.

Көрнекілік әдісі. Таблица, схема, түрлі суреттер, теледидар, кино және т.б. көрнекіліктерді пайдалану [7,6]. Жұмыс жасау барысында ақпаратты көзбен көру арқылы қабылдауға негізделген әдіс. Бұл әдіс оқушылардың түсінуін жеңілдетіп, материалды есте сақтауын жақсартады.

Эвристикалық әдіс.

Оқушылардың алдына белгілі бір міндет немесе проблема қойылады, оқушылар өздері шешуі тиіс (проблемалық сұрақтар қою, гипотеза ұсыну, анализ және салыстыру, балама шешімдер ұсыну)[7,99].

Эвристикалық әдісті пайдалану арқылы оқушылар аралас мәтіндермен белсенді жұмыс істеп, ақпаратты терең түсініп, өз бетінше қорытынды жасай алады.

Диалогтық оқыту әдісі. Диалогтық оқыту әдісі арқылы оқушылар бір-бірімен белсенді түрде пікір алмасып, ортақ шешімдер мен қорытындыларға келеді. Мәтіндерді талқылау кезінде оқушылар өз пікірлерін айтып, басқалардың көзқарастарын тыңдайды, сөйтіп мәтіннің түрлі қырларын ашуға мүмкіндік алады. Бұл әдіс топтық жұмысқа негізделіп, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жақсартады.

Мнемотехникалық әдіс. Мнемотехникалық әдіс оқушыларға ақпаратты есте сақтап, оны жүйелі түрде қайта жаңғыртуға көмектеседі. Бұл әдіс мәтіндердегі

негізгі ұғымдарды, терминдерді, құрылымдық элементтерді есте сақтау мен қайталау арқылы жүзеге асырылады. Аралас мәтіндермен жұмыс істеу кезінде оқушылар осы әдіс арқылы мәтіннің маңызды бөлімдерін есінде сақтап, талдау кезінде тиімді пайдаланады.

Интерактивті әдістер.Интерактивті әдістер оқу процесіне оқушыларды белсенді түрде тартуды көздейді. Бұл әдіс арқылы түрлі интернет-ресурстарды, презентациялар мен мультимедиялық материалдарды қолдана отырып, оқушылар мәтіндермен жұмыс істейді. Оқушылар өзара байланыс орнатып, бір-біріне көмектесіп, тапсырмаларды орындау арқылы жаңа білімді меңгереді.

Мәтіндерді салыстыру әдісі.Аралас мәтіндерде кездесетін түрлі тілдер мен стилдерді салыстыру арқылы оқушылар мәтіннің әртүрлі деңгейлеріндегі ақпаратты қалай жеткізу әдістерін анықтайды. Бұл әдіс оқушыларға көптілді мәтіндермен жұмыс істегенде түрлі стильдер мен тілдердің араласу ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Құрылымдық талдау әдісі.Бұл әдіс арқылы оқушылар мәтіннің логикалық құрылымын, бөлімдер арасындағы байланысты зерттейді. Аралас мәтіндерде ақпараттың құрылымын ашып, әртүрлі бөлімдер мен элементтердің өзара байланысын түсіну мақсатында құрылымдық талдау жүргізіледі. Бұл әдіс мәтіннің мазмұнын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Рөлдік ойындар әдісі.Бұл әдіс арқылы оқушылар аралас мәтіндердегі кейіпкерлердің рөлін сомдайды және мәтіндерді талқылайды. Мәтіндердегі кейіпкерлердің көзқарастарын, әрекеттерін түсіну арқылы оқушылар мәтіннің мәнін тереңірек ашады. Сонымен қатар, рөлдік ойындар арқылы оқу процесі қызықты әрі тиімді болады.

Интерпретация әдісі.Бұл әдіс оқушылардың мәтіндерді әртүрлі тұрғыдан түсінуін және интерпретациялауын қамтамасыз етеді. Оқушыларға түрлі көзқарастармен қарау, мәтіннің астарлы мағыналарын анықтау тапсырмасы беріледі. Интерпретация әдісі әртүрлі мәдени және ақпараттық контекстерде мәтіндердің қалай өзгеретінін түсінуге мүмкіндік береді.

Болжау әдісі.Бұл әдіс мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен құрылымы туралы болжам жасауға негізделген. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның тақырыбы, стилі, мақсаты туралы болжаулар жасап, одан кейін мәтінді оқып, өз болжамдарының дұрыстығын тексереді. Бұл әдіс оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады.

Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың аралас мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық пен сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану оқушылардың тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны практикада тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасында қолданылатын көрнекі құралдар мен ресурстар

Мультимедиялық құралдар

Интерактивті тақта: Сабақ барысында оқушылар аралас мәтіндермен жұмыс істеу үшін интерактивті тақта арқылы түрлі мәтіндер, графикалар, инфографика және бейнемазмұнды көрсетуге болады. Бұл құрал арқылы әртүрлі ақпараттық элементтерді біріктіру мен талдаудың тиімді жолдары көрсетіледі.

Презентациялар: Сабаққа қажетті ақпаратты жүйелі түрде жеткізу үшін PowerPoint немесе Google Slides презентациялары қолданылуы мүмкін. Презентациялар оқушылардың назарын аударып, күрделі материалды түсінуге көмектеседі.

Бейнемазмұн: Видеолар арқылы нақты өмірлік жағдайлар мен аралас мәтіндерден мысалдар келтіруге болады. Бұл бейнемазмұн оқушыларға мәтіндерді нақты контексте қалай қолдану керектігін көрсетеді.

Интернет-ресурстар

Онлайн платформа және білім беру сайттары: Оқушыларға веб-сайттар, форумдар немесе білім беру платформалары (мысалы, Khan Academy, Coursera, TED Talks) арқылы аралас мәтіндер мен көптілді контентті зерттеу ұсынылады. Бұл ресурстар аралас мәтіндердің әр түрлі түрлерін және оларды қалай тиімді қолдану жолдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Google Docs және Google Classroom: Оқушылардың өз жұмыстарын біріктіріп, бірлесіп жұмыс істеу үшін Google Docs немесе Google Classroom қолданылуы мүмкін. Бұл құралдар арқылы оқушылар өзара пікір алмасып, бірлесе талдау жасауға, жобалар мен тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады.

Бейнемазмұнды жинақтайтын сайттар (YouTube, Vimeo): Мәтіндермен байланысты түрлі бейнемазмұнды көрсетіп, оқушыларға визуалды түрде аралас мәтіндермен жұмыс істеудің жолдарын көрсетуге болады.

Кітаптар мен оқу құралдары

Мәтіндер жинақтары: Әр түрлі жанр мен стильдегі мәтіндер жинақтары (әдебиет, журналистика, ғылыми мақалалар, жарнамалар) оқушыларға аралас мәтіндерді практикалық түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар мәтіндердің құрылымын түсініп, олардың ішіндегі түрлі тілдер мен стильдерді сараптауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралдар: Мәтіндерді талдауға бағытталған әдістемелік нұсқаулар мен оқулықтар арқылы оқушыларға аралас мәтіндермен жұмыс істеудің тиімді әдістері мен тәсілдері ұсынылады.

Инфографика және диаграммалар

Инфографика: Күрделі мәтіндер мен ақпаратты визуалды түрде түсіндіру үшін инфографикалар пайдаланылады. Олар мәтіндердегі ақпаратты жинақтап, құрылымын ашуға, негізгі идеяларды көрсетіп, оларды жеңіл түсінуге мүмкіндік береді.

Диаграммалар мен кестелер: Мәтіндердегі негізгі ақпаратты салыстыру, талдау немесе тұжырымдар жасау үшін диаграммалар мен кестелер

қолданылады. Бұл құралдар әртүрлі ақпаратты жүйелі түрде көрсетіп, түсінуді жеңілдетеді.[6,6]

Журналдар мен мақалалар

Ғылыми және журналистік мақалалар: Бұл ресурстар арқылы оқушылар нақты мысалдар мен зерттеулермен таныса алады. Мақалалар мен ғылыми жарияланымдар аралас мәтіндерді зерттеуде маңызды ақпарат көздері болып табылады, себебі олар көбіне әр түрлі стильдер мен тілдерді қамтиды.

Медиа контент: Әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-сайттарынан алынған мәтіндер (жарнамалар, әлеуметтік желілердегі посттар, жаңалықтар) аралас мәтіндермен жұмыс істейтін нақты мысалдар болып табылады.

Тақырыптық плакаттар мен постерлер.Сабаққа қажетті маңызды ақпаратты және мәтіндердегі негізгі ұғымдарды қысқаша көрсету үшін постерлер мен плакаттар пайдаланылады. Бұл көрнекі құралдар оқушылардың назарын аударады және оларды негізгі концепциялармен таныстырады.

Флеш-карталар мен кестелер.Мәтіндердегі басты ұғымдарды, терминдерді және олардың мағыналарын есте сақтау үшін флеш-карталар мен кестелер қолданылуы мүмкін. Бұл құралдар оқушылардың ақпаратты жылдам есте сақтауына және қайта жаңғыртуына көмектеседі.

Мобильді қосымшалар

Quizlet, Kahoot: Оқушыларға аралас мәтіндермен жұмыс істей отырып, терминдерді, концепцияларды және құрылымдарды пысықтау үшін мобильді қосымшалар қолдануға болады. Бұл қосымшалар арқылы түрлі тесттер мен ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тақырыптық кітапханалар. Арнайы тақырыптық кітапханалар мен жинақтар, соның ішінде көптілді мәтіндер мен көпмәдениетті контекстерді қамтитын әдебиеттер оқушыларға аралас мәтіндермен жұмыс істеуде таптырмас ресурс болып табылады.

Бұл көрнекі құралдар мен ресурстар бағдарламаның тиімділігін арттыруға және оқушылардың мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын тереңдетуге ықпал етеді. Әртүрлі құралдарды қолдану оқушылардың түсінігін кеңейтіп, олардың ақпаратты тиімді меңгеруін қамтамасыз етеді.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасында қолданылатын бағалау

Бағалау аралас мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың білімін тексеру, олардың мәтіндерді талдау дағдыларын бағалау, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бағалау үдерісі оқушылардың білім деңгейін анықтап қана қоймай, оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Бағалау бірнеше тәсілдермен жүзеге асырылады:

1. Формативті бағалау

Оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс. Формативті бағалау «формальды емес» (көбінесе белгі

қоймай) бағалау болады [8,8]. Формативті бағалау сабақ барысында оқушылардың әртүрлі тапсырмалар мен әрекеттерін орындауы арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушылардың оқу процесін үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. Формативті бағалау оқушыларға кері байланыс беріп, олардың оқу барысындағы кемшіліктері мен жетістіктерін анықтауға көмектеседі.

Қолданылатын әдістер:

- **Топтық және жұптық жұмыс:** Оқушылардың аралас мәтіндермен бірлесіп жұмыс жасау қабілеттері бағаланады. Топтық жұмыс барысында олардың бір-бірімен пікір алмасуы, мәтінді түсіну және талдау дағдылары байқалады.
- **Сұрақ-жауап:** Оқушыларға мәтіндер бойынша сұрақтар қойылып, олардың түсіну деңгейі бағаланады. Бұл әдіс арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттері мен шығармашылық деңгейі тексеріледі.
- **Мәтінге негізделген тапсырмалар:** Мәтіндерді талдау, негізгі идеяларды анықтау және мәтіннің құрылымын түсіну бойынша тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың талдау және синтез жасау дағдыларын бағалауға көмектеседі.
- **Оқушылардың жеке рефлексиясы:** Сабақ соңында оқушылар өздері орындаған тапсырмаларды, жобаларды немесе талдауларын талқылап, өздерінің жетістіктері мен қиындықтарын анықтайды. Бұл бағалау түрі оқушылардың оқу үдерісіне деген жауапкершілігін арттырады.

2. Суммативті бағалау

Белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған [8,8]. Суммативті бағалау оқушылардың бағдарламаның белгілі бір кезеңінде немесе соңында алған білімдерін қорытындылауға бағытталған. Бұл бағалау түрі олардың алған білімдерін жүйелеу және нәтижелерін көрсету үшін қолданылады.

Қолданылатын әдістер:

- **Тестілер мен сұрақтар:** Оқушыларға аралас мәтіндер бойынша теориялық білімдерін тексеру үшін тест тапсырмалары беріледі. Тестілерде мәтіндердің құрылымын, тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін, негізгі идеяларды анықтау сұрақтары болады.
- **Жоба қорғау:** Оқушылардың аралас мәтіндермен жасаған жобалары қорғалады. Жоба қорғау кезінде олардың зерттеу қабілеттері, шығармашылық ойлау және ақпаратты жинақтау дағдылары бағаланады. Оқушылар өз жобаларын ұсыну кезінде мәтінді дұрыс интерпретациялау және талдау дағдыларын көрсетуі қажет.
- **Эссе немесе шығармашылық жұмыс:** Оқушыларға аралас мәтіндер бойынша эссе жазу тапсырмасы беріледі. Бұл жұмыс олардың сыни ойлау, жазбаша түрде ақпаратты жеткізу және шығармашылық қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.
- **Қорытынды бағалау:** Сабақтың соңында немесе бағдарламаның аяғында оқушылардың барлық жұмысын қорытындылайтын бағалау жүргізіледі.

Бұл бағалау оқушылардың аралас мәтіндермен жұмыс істеудегі жетістіктерін, білімін және дағдыларын анықтайды.

3. Қарқынды бағалау

Қарқынды бағалау оқушылардың аралас мәтіндермен жұмысты қаншалықты тиімді меңгергенін анықтау үшін әртүрлі критерийлерге негізделеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың өзара әрекеттесуі, шығармашылық қабілеттері және талдау дағдыларын тексеру үшін қолданылады.

Қолданылатын әдістер:

- **Пікірталас:** Оқушыларға аралас мәтіндер негізінде пікірталас ұйымдастырылады. Пікірталас барысында оқушылар мәтіндердің түрлі аспектілерін талқылайды, өз пікірлерін білдіреді және басқалардың көзқарастарын тыңдайды. Бұл әдіс оқушылардың аргументтерді негіздеудегі дағдыларын бағалауға көмектеседі.
- **Рөлдік ойындар:** Мәтіндердегі кейіпкерлердің рөлін сомдау арқылы оқушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін, мәтіндерді түсіну мен интерпретациялау дағдыларын көрсетеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың мәтіндерге деген түсінігін тереңдетуге ықпал етеді.

4. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау

Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау оқушылардың өздеріне және өз сыныптастарына объективті түрде баға беруіне мүмкіндік береді. Бұл бағалау түрі оқушылардың жеке және топтық жұмыстарын зерделеуге, олардың оқу барысындағы жетістіктерін анықтауға бағытталған [8,26].

Қолданылатын әдістер:

- **Өзіндік бағалау парақтары:** Оқушылар сабақтың соңында өз жұмысына баға беріп, қандай аспектілерде жетістіктері барын, ал қай жерлерде даму қажет екенін анықтайды.
- **Өзара бағалау:** Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалап, сын пікірлер мен ұсыныстар беріп, бір-бірінің жетістіктерін мойындайды. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау дағдыларын әрі жауапкершілік сезімін дамытады.

Бағалау аралас мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын толыққанды бағалауға мүмкіндік береді. Формативті және суммативті бағалау әдістері оқушылардың оқу үдерісін бақылап, кері байланыс арқылы олардың жетістіктерін арттыруға ықпал етеді. Қарқынды бағалау мен өзара бағалау оқушылардың ынтымақтастықта жұмыс істеу, шығармашылық ойлау және сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» атты авторлық бағдарламаның маңыздылығы

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасы қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқушыларды түрлі ақпараттық және мәдени контексттермен таныстыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ ақпаратты тиімді түрде өңдеу мен талдау қабілеттерін арттыру мақсатында құрылды. Бағдарламаның маңыздылығы келесі аспектілерде айқындалады:

1. Ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындық

Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың дамуы мен жаһанданудың әсерінен ақпарат көлемі мен түрлері күрт артты. Әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің бірігуі, сондай-ақ жаңа форматтағы ақпараттық өнімдердің пайда болуы (мультимедиялық, көптілді және интердисциплинарлы мәтіндер) оқушылардан мәтіндерді жан-жақты және терең талдай білу дағдыларын талап етеді. «Аралас мәтіндермен жұмыс» бағдарламасы осы дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, оқушыларды ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны тиімді талдап, түсіндіре алатындай деңгейде даярлайды.

2. Көпмәдениетті және көптілді қоғамда түсіністік пен төзімділікті қалыптастыру

Аралас мәтіндер әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы байланыс ретінде қарастырылып, оқушылардың көпмәдениетті ортаға бейімделуіне, әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастарды түсініп, бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның маңыздылығы – оқушыларға әртүрлі мәдениеттердің мәтіндері мен ақпараттарын түсініп, оларды дұрыс интерпретациялауға үйрету, сондай-ақ басқа мәдениеттерге деген толеранттылықты қалыптастыруда жатыр.

3. Сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамыту

Аралас мәтіндермен жұмыс сыни ойлауды және ақпаратты талдау қабілетін дамытады. Оқушылар мәтіндердің көпқабатты құрылымын, әртүрлі тілдік және ақпараттық элементтерді анықтау арқылы олардың арасындағы байланыстарды ашып, мағынаны тереңірек түсінуге мүмкіндік алады. Бұл бағдарламаның маңыздылығы – оқушылардың ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, оны өңдеп, жаңа идеялар мен шешімдер ұсынуға дайын болуын қамтамасыз етуінде.

4. Шығармашылық және зерттеу дағдыларын арттыру

Аралас мәтіндер көбінесе шығармашылық сипатқа ие, өйткені оларда әртүрлі стильдер мен жанрлар, формалар мен тілдер біріктірілген. Бұл оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеу дағдыларын жетілдіреді. «Аралас мәтіндермен жұмыс» бағдарламасы оқушыларды тақырып бойынша өз зерттеу жобаларын жасап, өз пікірін негіздеп, дәлелдер келтіруге үйретеді. Бұл дағдылар оларды болашақта зерттеу және кәсіби салаларда табысты болуға даярлайды.

5. Цифрлық сауаттылықты арттыру

Қазіргі уақытта ақпараттың көп бөлігі цифрлық форматта беріледі. «Аралас мәтіндермен жұмыс» бағдарламасы оқушыларды цифрлық ресурстарды тиімді

пайдалану, ақпаратты интернеттен алу және оны дұрыс талдау қабілеттерімен қамтамасыз етеді. Бұл бағдарлама цифрлық сауаттылықты арттыруға, мультимедиялық мәтіндермен жұмыс істеуге үйретеді, бұл өз кезегінде оқушылардың оқу мен кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады.

6. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру

Аралас мәтіндермен жұмыс істеу кезінде оқушылар пікір алмасып, бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы ақпаратты қалай дұрыс жеткізу, сұрақ қою және жауап беру дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, топтық және жұптық жұмыстар барысында оқушылардың коммуникативтік дағдылары, пікірталас жүргізу қабілеттері дамиды.

7. Тақырыпқа қызығушылықты арттыру





Аралас мәтіндер оқушыларға қызықты әрі түрлі тақырыптар туралы ақпарат алу мүмкіндігін береді. Мәтіндер әртүрлі стильде, жанрда жазылғандықтан, олар оқушылардың шығармашылық ойлауына әсер етіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Әртүрлі тілдер мен мәдениеттерден алынған мәтіндер олардың көзқарасын кеңейтіп, жаңа ақпарат алу мүмкіндігін береді.

8. Білімнің тереңдігі мен көпқырлылығын қамтамасыз ету

Бағдарлама мәтіндермен жұмыс істеу барысында әртүрлі бағыттағы білімді біріктіруге мүмкіндік береді. Оқушылардың өз ойларын, білімдерін және тәжірибелерін салыстыру арқылы көпқабатты мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру арқылы олар терең әрі жан-жақты білім алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың білімнің көптеген қырларын меңгеруге мүмкіндік береді.

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасының маңыздылығы оның оқушылардың кең ауқымды дағдылар мен білімдерді игеруіне, ақпараттық және мәдени контексттерді түсінуге, сыни ойлау мен

Оқу - әдістемелік нұсқаулығы
Қысқа мерзімді жоспары

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| Педагогтың аты – жөні | | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып: | | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы | | <i>Мәтін дегеніміз не?</i> | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | | Оқушыларға мәтін және оның түрлері туралы түсінік беру. Мәтін туралы білімдерін пысықтау. | | |
| Сабақтың мақсаты | | Оқушыларға ынтымақтастықа жұмыс жасауға баулу | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды көңіл – күй 5 Т – ережесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тәртіп. 2. Талап. 3. Тыныштық. 4. Тазалық. 5. Татулық. <p>«Нұрға бөлену» мәтінін оқу</p> | <p>5Т ережесін еске түсіреді</p> <p>Көздерін жұмып отырады. Алған әсерлерімен бөліседі.</p> |  | <p>«Хрустальная грусть» композициясы</p> |
| Сабақтың ортасы | <div align="center">  <p>Мәтін дегеніміз не?</p> <p>Мәтінге</p> <p>Оқиға: хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді</p> <p>құбылыс: сипатталады, суреттеледі</p> <p>Мәтіннің түрлері:</p> <p>Әңгімелеу мәтіні Сипаттау мәтіні</p> <p>Пайымдау мәтіні</p> </div> <p>Жаңа сабақты түсіндіру</p> <div align="center">  </div> <p>Сұрақ-жауап</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтін деген не? - Мәтіннің түрлері қайсылар? - Әңгімелеу мәтіні дегеніміз не? <div align="center"> <p>Мәтінді талдау: ФОРМАСЫ</p> <p>Сөйлеу формасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жазбаша – әдеби норманы қатаң сақтап жазу түрінде сипатталады. • Арызша – дыбысталаып, әдеби норманың еркін түрімен сипатталады. <p>Мәтін типтері/ Формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суреттеу, баяндау, талқылау, сендіру, аргумент келтіру • Монолог, диалог, полилог </div> <ul style="list-style-type: none"> - Сипаттау мәтіні дегеніміз не? - Пайымдау мәтіні дегеніміз не? | <p>Мәтін туралы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Дескриптор: Мәтін дегеніміз не екенін біледі; Мәтін түрлерін біледі; Мәтін түрлерін ажырата алады.</p> |  | <p>Слайд, тапсырмалар парақшасы, суреттер</p> |

2. Тапсырма. Өлеңнің 2-ші шумағын көшіріп жазу. Бұлан мен Құланды салыстырып жазу.

Бұлан - бұғылардың ең ірі түрі. Тұяқты жануар, салмағы 600кг-дай, тұрқы 2 метр, түсі қыста қара қоңыр, жазда қоңырқай, басы, аяғы ақшылдау. Жайық өзен аңғарында, солтүстікте, Ертіте, Алтайда кездеседі. Үлкен мүйіздері бар. Шөппен, ағаш қабықтары, бұталармен қоректенеді. Қызыл кітапқа енгізілген. Бұланның мүйізі өте бағалы, шипалық қасиеті де бар. Сүті құнарлы, еті, терісі де пайдалы. Бұғы сияқты қолға үйретіліп келеді.

Құлан - жабайы жылқы, сыртынан қарағанда құланның есекке де (*басы үлкен, құлағы ұзын, құйрығы қысқа, кекілі жоқ, жалы тік*), жылқыға да (*жүріс-тұрысы ширақ, дене бітімі сымбатты, сирақтары ұзын*) ұқсайтын ерекшелігі бар. Дене тұрқы 210 – 240 см, шоқтығының биіктігі 112 – 126 см, салмағы 190 – 260 кг аралығында. Түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы болады, құйрығының ұшы қара, бауыры мен сирақтары ақшыл келеді.

3. Мәтіннің түрін ажырат. Не себепті екенін Неге олай ойлайсың? түсіндір.

1. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Демалысы - үскірік аяз бен қар, Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды. Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,

Берілген тапсырманы орындайды. Салыстырып жазады

Дескриптор: Мәтінді түсінеді; Салыстырып жазады



Сыни тұрғыда қойылған сұраққа жауап береді.

Дескриптор: Мәтінді түсінеді; Мәтін түрін ажыратады; Өз ойын дәлелдейді



Слайд, тапсырмалар парақшасы, суреттер


Аязбенен қызарып ажарланды.
4.Тапсырма. Мәтінді әңгімелеу мәтініне айналдыр

Мұны білесің бе?
Тропиктік құстардың бірі – тоты. Тотылар алуан түрлі дауыспен сайрайды, тіпті адамша сөйлей де алады. Тотылар үшін қанаттан гөрі тұмсық әлдеқайда маңыздырақ. Өйткені олар бұтақтан-бұтаққа секіріп жүреді, ұшуды білмейді. Ал тұмсығымен ірі жаңғақтарды шағады, дәнді шоқып жейді.


Орында.

1. Өсімдіктердің табиғаттағы өсіп-өнуін ретімен оқы.
2. Әңгімелеу кезінде жыл маусымын тіркестіріп айт (мысалы, көктемде отырғызды, ...).

Алмаағаш: түйін салды, тамырланды, отырғызылды, көктеді, гүлдеді, пісті.




Егінші: орды, қамбаға тасыды, жер жыртты, тұқым дайындады, тұқым септі, жинап алды.







Бұл ненің даусы болуы мүмкін екенін болжа.


Берілген тапсырманы орындайды



Дескриптор:
Мәтінді түсінеді;
Мәтін түрін ажыратады;
Әңгімелеу мәтін түріне айналдырады.






| | | | | |
|-----------------------------|--|---|--|---|
| | <p>Даусы қандай құдіретті Жер астынан шыққан жарып. Деді былай баяу ғана: «Өз басыңды ойлау – жала, Мына біздер ұмыт қалып». Жапырақтар: «Бұл кім?» – деді, – Неге мұнша сілкінеді? Кім едің сен сонша мықты? Біз тұрғанда сендер кімсің? Кімді алдап сендірмексің? Ұят олай ойлау тіпті! – Біз ғой, – деді әлгі дауыс, – Сендерге де берген табыс Қараңғыда жерді қазып. Жақсылықты білмейсіңдер, Білмей тұрып сөйлейсіңдер, Біз береміз ағашқа азық Рас, еңбек жасадыңдар, Бірақ бізді еске алыңдар! Жаңа көктем – жас жапырақ, Қурап қалса жерде тамыр, Соқса дағы қанша дабыл, Ағаш қалар бос қалтырап.</p> <p>Ойлануға берілген сұрақтар. Мысал кейіпкерін болжауда саған не көмектесті? Жауабы: Жапырақтың бейнесінен қандай адамды көруге болады? Жауабы: Тамырдың сөзіне не қосар едің? Жауабы:</p> | <p>Сұрақтарға жауап береді</p> |  | |
| <p>Сергіту сәті</p> | <p>Қара жорға биі</p> | <p>Оқушылар би билейді</p> | | |
| <p>Сабақтың соңы</p> | <p>Кері байланыс</p>  <p>Үйге тапсырма: Мәтіннің түрлеріне мысал келтіріп мәтін жазып келу</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды Оқушылар үйге тапсырманы жазып алады</p> | | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

| | | | | |
|--|---|---|--|---|
| Педагогтың аты – жөні | | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып: | | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы | | <i>Мәтіннің мағынасын ашу және оған ат қою</i> | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | | Мәтіннің мағынасын түсіну және соған сай ат қоюдың маңызы жайл оқушылардың түсінігін қалыптастыру | | |
| Сабақтың мақсаты | | Оқушыларға ынтымақтастықта жұмыс жасауға баулу | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</p> <p>Талпын жақсы болуға Күндей сәуле шашатын Білім іздеп, өнер тап Түнді күндей ашатын. -Жарайсыңдар, орындарына отырыңдар! -Түгендеу Өткенді қайталау</p> <p>Өткен сабақта қандай үлкен тақырыппен таныстық? (Мәтін) Мәтін неден құралады? (сөйлемнен) Мәтін дегеніміз не? (жазбаша, ауызша ойды жеткізу) Мәтіннің атауын не деп атаймыз? (тақырып) Мәтіннің тақырыбы қалай, неге сүйеніп құрылады? (негізгі ойға, мазмұнына) Қандай сөйлемдер мәтін құрайды? (Бір-бірімен байланысты сөйлемдер ғана мәтін құрайды?) Мәтіндегі сөйлемдердің орнын ауыстыруға бола ма? (Жоқ) Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің өз орны болады ма?(иә) Мәтін қандай бөліктерден тұрады? (Басы, негізгі бөлімі, соңы) Әр бөлік қалай жазылады? (абзацтан, бас әріппен)</p> | <p>Оқушылар сабаққа қажетті оқу құралдарын дайындайды.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді</p> |   | Слайд |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты түсіндіру</p> <p>1. Мәтінді оқыңыз, тақырып қойыңыз</p> <p>Біздің отбасымыз онша үлкен емес. Отбасымызда 4 адам бар. Олар әкем, анам, ағам және мен. Біз ауылда</p> | <p>Оқушылар мәтінді оқиды</p> <p>Дескриптор: Мәтінді түсінеді; Тақырыбыны</p> |  | Слайд, қосымша тапсырма парақтары, суреттер |

| | | | | |
|-----------------------------|--|--|---|-----------------------------------|
| | <p>тұрамыз. Әкем ағамды кара шаңырақ иесі дейді.Қара шаңырақ иесі деген сөз бұрынғы заманнан қолданылып келеді. Қара шаңырақ ол ата- бабаңның, әкешешеннің тұрған үйі. Қазақ отбасында ұрпакты ұл бала жалғастырады.</p> <p>2.«Ананың бақыты не?» тақырыбында шағын эссе жазыңыз. Азамат сөзін екі мағынада қолдана отырып бірнеше сөйлем құрастырыңыз</p> <p>3.«Менің отбасым», «Менің анам - ең сұлу адам» <i>Менің отбасым. Қара шаңырақ. Жіктік жалғаудың жекеше түрі. Менің отбасымның сыртқы келбеті. Азаматтың арманы. Жіктік жалғаудың көпше түрі.</i></p> <p>4.Мына сөздерге тәуелдік жалғауын жалғаңыз. Отбасы, іні, арман, ана, бақыт</p> <p>5.Өз отбасы мүшелеріне сын есімді қолдана отырып сипаттаңыз</p> <p>Мысалы:Менің анам мейірімді, ақылды адам.</p> | <p>анықтайды; Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Дескриптор: Эссе құрылымын сақтап жазады</p> <p>Дескриптор: Сөздерді тәуелдейді; Өз отбасы мүшелерін сипаттайды.</p> |  | |
| <p>Сергіту сәті</p> | <p>Қара жорға биі</p> | <p>Оқушылар би билейді</p> | | |
| <p>Сабақтың соңы</p> | <p>Кері байланыс <i>«Көңіл-күй гулишогыры».</i> Оқушыларға түрлі –түсті гүлдер таратылады, өздеріне ұнаған гүлді құмыраға жабыстырады, таңдаған түстері бойынша көңіл-күйдері анықталады.</p> <p>Үйге тапсырма: «Менің ұстазым» эссе</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> <p>Оқушылар үйге тапсырманы жазып алады</p> | | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

| | | | | |
|--|---|--|---|-----------------------------------|
| Педагогтың аты – жөні | | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтіннің құрылымдық бөліктері</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Мәтін туралы білімдерін пысықтау. | | | |
| Сабақтың мақсаты | Оқушыларға ынтымақтастықта жұмыс жасауға баулу | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршінді оң жақтан құшақта, Көршінді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымып, Сол жақтағы көршіңе бір жымып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.</p> | (Көршілер қимыл – қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды) |  | Слайд, қосымша тапсырма парақтары |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p>  <p>Мәтін бойынша жұмыс. «Кірпі» -Мәтін не туралы? -Оны қайдан білдіңдер?(тақырыбынан) -Мәтін неше абзацтан тұр?(3 абзац) Үш абзацты жеке-жеке оқыту, әр абзацқа ат қою. 1.Есімбектің олжасы. 2.Жаралы кірпі. 3.Балалардың қамқорлығы.</p> <p><i>Білу және түсіну 10 минут</i> Дәптермен жұмыс.</p> <p>3-тапсырма.</p> | <p>Дескриптор: Берілген сұрақтарға жауап береді. Бірі-бірін тыңдайды; Бірі-бірі бағалайды</p> <p>Дескриптор: Мәтінді түсінеді; Негізі ойын анықтайды; Мәтін құрылымын талдайды.</p> <p>Дескриптор:</p> | <p>Мадақтау</p> <p>Жұлдыздар суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі</p> <p>Жұлдыздар суреттерін</p> | Оқулықтар суреттер, слайдтар |

| | | | | |
|-----------------------|---|---|--|--|
| | <p>Мәтінде кім туралы айтылған? <i>Қолдану 8 минут</i> <i>Постер жасату.</i> Жалпыға арналған тапсырма: Мәтіннің құрылымын талдаңдар. Тақырып, мәтіндегі негізгі ой.</p> <p>Оқы. Сөйлемдердің ішінен мәтін құрайтын сөздерді көшіріп жаз. Құраған мәтіннің тақырыбын анықта. Құраған мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдер тауып айт.</p> | <p>Мәтін құрастырады; Мақал-мәтелдер жазады.</p> | <p>тарату арқылы бағалау жүргізіледі</p> | |
| Сергіту сәті | <p>Сергіту сәті</p>  <p>Жоғары қарап күн көрдім, Төмен қарап жер көрдім. Оңға, солға бұрылып, Егеменді ел көрдім.</p> | <p>Оқушылар қимыл – қозғалыс жасайды.</p> | | |
| Соңы Кері байланыс | <p>«Қайық». Оқушылар түсті кемелерге өз туларын жабыстырады: қызыл – сабақ ұнады, жасыл – қызықсыз, қара- сабақ ұнаған жоқ.</p> <p>Үйге тапсырма беру: Берілген мәтінге ат қоып келу</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p>Кері байланыс тақтайша сы</p> | |

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| Педагогтың аты – жөні | | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларға жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіру, меңгерту | | | |
| Сабақтың мақсаты | Бінтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі Көңіл күйімізді жаттықтыру» Мақсаты:Шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл күйімізді жатықтыра алуға арналады. Жүргізуші:Бүгін мен сендерге актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсет десем, соны бет-әлпеттеріңмен бейнелейсіңдер.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабақтарыңды түйіп,ашулы адамның кейпін көрсетесіңдер 2. Қатты қорқу қажет.Қасқырдан қорыққан қоян сияқты немесе ұядан түсіп қалған балапан сияқты,мысықтан қорыққан тышқан сияқты және иттен қорыққан баланы бет -әлпеттеріңмен көрсету қажет. 3. Жылап тұрған адамды көрсету. 4. Жәй күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету 5. Өлең айтып тұрған адамдың сезімін көрсете білу | Амандасады, сабаққа дайындалады. Қойылған сұрақтарға жауап береді | <p>Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі</p>  | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту Мәтінді мұқият оқыңыз.</p>  <p>Астанадағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты Серікбол Шаймардан электрондық бесік ойлап тапқан. Бұл «ақылды бесік» көпшіліктің</p> | Дескриптор: Мәтінді түсініп оқиды; Бір-біріне сұрақ қояды. | Мадақтау | Оқулықтар суреттер, слайдтар |

қызығушылығын тудырды. — Серікбол, бұл идея қалай пайда болды? — Алғашында, бесіктің жалпы маңызы туралы зерттедім. Жапонияның медициналық зерттеулерінде сәби ана құрсағында жатқанда тербеліске түсіп, рефлекс қалыптасатындығы туралы айтылған. Сәби жарық дүниеге келгенде өмірге бірден үйрене алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай тербетіп отыру керек. Екіншіден, сәби бесікте жатқанда миы дамиды екен. Мен осы ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып, өз жобамды жасадым. — «SmartBesіктің» басты ерекшелігі қандай? — Бұл бесіктің негізгі ерекшелігі мынада: бала жыласа, бесік автоматты түрде тербеледі. Басқарғышпен (пульт) алыстан басқаруға болады. Бала дәретке отырып қойса, хабарлайды. Бала температурасында өзгерістер болса, автоматты түрде белгі береді. 12 вольттық кернеумен де, батареямен де жұмыс істейді. Аналар үшін таптырмас бұйым деп ойлаймын, өйткені үй шаруасындағы әйелдің уақытын үнемдейді. — Рақмет! Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!

2-тапсырма. Мәтіндегі ең маңызды тірек сөздерді жазыңыз.

3-тапсырма Берілген тұжырымдардың ішінен автордың пікірін тауып, идеясын 2-3 сөйлеммен түсіндіріңіз. Тұжырымдар Идея А. Жапон халқының медицинасын оқыдым. В. Бұл бесік үй шаруасындағы аналарға өте қажет. С. Бесікте жатқан баланың миы дамиды.

4-Тапсырма. Ұсынылған тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды пайдаланып, сурет пен тақырыпты байланыстырып ауызша мәтін құраңыз.

Көмекші робот – туған күн сыйлығы
 Менің өнертабысым — ұшатын автокөлік
 Тұрақты тіркестер: көзді ашып-

Дескриптор:
 Тірек сөздерді табады, жазады.



Дескриптор:
 Автор пікірін ажыратады;
 Өз ойымен бөліседі;
 Өз ойын дәлелдейді.



Дескриптор:
 Мәтін құрастырады.



жұмғанша, бесаспап, төбесі көкке жету, көзі шарасынан шығу, дәмі тіл үйіреп
Көркемдегіш құралдар: жұлдыздай ағу, баладай шаттану, жауынгердей тік жүру, қарауылдай қырағы, ұшақтай зулау

5-Тапсырма. Мәтінді оқыңыз.




Дүниежүзіндегі жеңіл автокөліктер жылына 1 триллион литрдей жанармай жағады. Қазіргі таңда шамамен 806 миллион көлік құралы бар екен. Көліктің саны да, ауаға шығарылатын зиянды газдың көлемі де қарқынды өсіп келеді. Ал оларға қажетті табиғи отынның қоры азайып бара жатыр. Жердегі қуат көздерін тиімді пайдалануға шындап кіріскен болсақ, әуелі адамзат үшін аса маңызды көлік мәселесін тиімді шешу керек. Ал оның қандай жолдары бар? Көлікте пайдаланылатын биоотынның екі түрі бар: биодизель және этанол. Биодизельмен жүретін көліктер дизельді отын мен өсімдік майының қоспасымен жүреді. Этанолды көлік қант құрағы, жүгері немесе арпа сияқты дақылдардан жасалатын отынмен жүреді. Биоотын да парниктік газдар шығарады, бірақ оның мөлшері табиғи отынға қарағанда аз. Электр көліктері тек электр энергиясымен қозғалады. Олардың үнемі зарядталатын үлкен аккумуляторлары бар. Олар атмосфераны ластамайды, бірақ қуаты біткен аккумулятор 10 сағатқа дейін күш жинайды және оларды электрмен қамтамасыз ету парниктік газдар шығаратын электр станциялары арқылы ғана жүзеге асады. Сутегімен жүретін көліктер ең тиімді эко-көлік технологиясына жатады. Сутегімен жүретін көлік шығаратын жалғыз ғана қалдық – су, сондықтан да бұл ең таза экокөлік технологиясы деп танылған. Бірақ, мұндай көліктерді жасау өте қымбат және көпшілікке қолжетімді болғанша көп уақыт керек.





Сұрақтарға жауап беріңіз. Табиғи отынға қарағанда биоотынның ерекшелігі неде? Қуаты азайған аккумуляторлар қайтадан қалай

Дескриптор:
Сұрақтарға жауап береді;
Өз ойымен бөліседі;
Өз ойын дәлелдейді.



| | | | | |
|-----------------------|---|---|--------------------------------------|--|
| | қуаттандырылады? Көліктердің қай түрі зиянсыз? Сумен жүретін көліктерді шығаруда қандай мәселелер бар? | | | |
| Сергіту сәті | <p style="text-align: center;">Сергіту сәті</p> <p style="text-align: center;">Орнымыздан тұрамыз, Қос бүйірді сығамыз. Оңға, солға бұрылып, Бір айналып шығамыз. Бір,екі, үш, төрт, бес Қолды қолға ұрамыз.</p>  | Қимыл қозғалысты ойындар ойнатылады. | | |
| Соңы Кері байланыс | <p style="text-align: center;">Кері байланыс</p>  <p>Үйге тапсырма беру: мәтінді абзацқа бөлу</p> | Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды | ҚБ: смайлик арқылы бір-бірін бағалау | |

| | | | | |
|--|--|------------------------------------|--|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | | Қатыспағаны: | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды тыңдап үйрену мен қатар мәнерлеп оқуға үйрету | | | |
| Мақсаты | Бінтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі «Атомдар мен молекулалар» Әр қатысушы - жеке атомдар. Жүргізушінің айтуы бойынша атомдар қозғалысқа түседі, бір - бірімен жеңіл қақтығысқа түседі. Жүргізуші қанша атомның қосындысынан молекула құралатынын айтады, сол кезде сол санға сай бірігіп тұра қалу керек. Молекула құрамына кірмей қалғандар ойыннан шығады.</p> | Қимыл қозғалысын жасап би билейді. | От шашу арқылы бір-бірін бағалау.  | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p>  <p>Оқылым дағдысы – мәлiндегi негiзгi және қосымша ақпаратты әр түрлi деңгейде қабылдау және түсiну, тiлдiң айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселенi сын тұрғысынан бағалау, негiзгi аргументтi анықтап, дәлелдеу деңгейiне бағытталады.</p>  <p>Оқылым алды тапсырмасы: ТЖ «Пазл» әдісі</p> <p>Салт-дәстүрді баланың</p> | Оқушылар жаңа ақпаратты меңгереді | | Оқулықтар, слайдтар |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | <p>өсу кезеңіне қарай қойып, қазақтың оюын құрастырады. Оқу кезіндегі тапсырма</p> <p>ТЖ 1-тапсырма</p> <p>Деңгей: түсіну «Т» кестесі әдісі Мәтінді оқып, төмендегі кестені толтырыңыз.</p> <p>Бірінші бағанға мәтіннің негізгі ойын ашатын негізгі ақпаратты жазыңыз, ал екінші бағанға негізгі ойға қатысы аз ақпаратты жазыңыз. Мәтін Дәстүр дегеніміз – халық пен қоғамдық ұйымдардың мінез-құлқы, іс-әрекеттерінің рухани негізі. Дәстүр (traditio – жалғастыру) –тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрып, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары. Дәстүр адамдардың өмірлік қарекетін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етіп, тәрбие негізі болып табылады. Ұлтты рухтандырып, оның ішкі-сыртқы келбетін көрсететін сипаттарының бірі –дәстүр. Ол да тіл сияқты ұлттың қанында, жанында, рухында жүретін, ұлт үшін аса қажетті, қасиетті нәрсе. Әр ұлттың көрнекті, ғұлама адамдары өз халқының салт-дәстүрін жақсы білген. Дәстүрді жақсы білгендіктен, олардың шығармалары оқырмандары үшін</p> | <p>Берілген тапсырманы орындайды.</p> <p>Дескриптор: Әр топ өздерінің таңдаған ақпараттарын дәлелдейді. (Осы жерде оқушылар тақырып пен идеяны қозғайды.</p> |     | |
|--|--|--|--|--|

тартымды, қызықты, халықтың көкейіне қонымды. Сондай-ақ ел басқаратын адамдарға дәстүрді жақсы білгеннің артықтығы жоқ. Халықпен тіл табысуына жақсы. Қазақ халқында дәстүр мәселесін терең меңгерген адамдар билер болатын. Олар әдет-ғұрып, салт-сананы терең біле отырып, әділ билік жасаған. «Дәстүр» деген ұғым – жалпы ұлт рухының негізгі бөлігі. Ұлттың мінез-құлқын, психологиясын танытатын тамаша салт-дәстүрлер сол ұлттың рухын байытып отырған.

(Мұхтар Арын)

Негізгі ақпарат
Жанама ақпарат

Бұл негізгі ақпарат, себебі ол бұл мәтіннің негізгі ойын көрсетіп тұр, мынау жанама ақпарат себебі негізгі ойға қатысы аз (немесе жоқ)

«Екі жақты күнделік» әдісі

Негізгі ақпаратты пайдалана отырып, 3 сұрақ құрастырып жазыңыз



Нақты ақпараттарды табу үшін оқу.



Әр топ 3 сюжетті суреттің әрқайсысы таратылады. Топтар өз суретінің мазмұнына сай тұстарды мәтіннен белгілеп айтады. Мәтіннен суретке сай тұстарды кемінде 3 сөйлемді тауып астын сызады. Бұл сөйлемдерді

Тапсырманы орындаған соң, оқушылар сағат тілімен ауысып, бір-бірінің сұрақтарына жауап береді. Сұрақтар құрастырып жазады.

мәтіннен суретке сай кемінде 3 сөйлемді тауып астын сызады

мәтін құрастырады

| | | | | |
|-----------------------|--|---|---|----------------------------|
| | <p>алдағы жазу жұмысында пайдалана алатындықтарын мұғалім алдын-ала ескертеді.</p> <p>Ж. Топтар өздерінің сюжетті суреттерінің желісімен жинақы мәтін құрастырып жазады.</p> | | | |
| Сергіту сәті: |  | Оқушылар қимыл – қозғалыс жасайды | | |
| Соңы Кері байланыс |  | Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды | <u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау</u> | Кері байланыс тақтай шасы. |

| | | | | |
|--|--|---|---|----------------------|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | | Қатыспағаны: | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды тыңдап үйрену мен қатар мәнерлеп оқуға үйрету | | | |
| Мақсаты | Бінтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама – қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір - біріне қарап, баланың қасиетін айтады. | Оқушылар бір – бірінің жақсы қасиетін айтады | Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі  | Оқулықта р, суреттер |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақты меңгерту Білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу- XXI ғасыр мұғалімдерінің басты міндеті. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда отандық және халықаралық озық үлгілерді тиімді пайдалану, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым- қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы қазақ тілінде берілген кез- келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Осы мақсатта Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тілді | Оқушылар берілген мәтінді оқиды. Дескриптор: негізгі ойды түсінеді; ақпаратты анықтайды; түсінгенін практикада қолдана біледі; |  | Оқулықта р суреттер |

кіріктірілген бағдарлама негізінде оқыту жобасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) дағдыларын қалыптастыру. Мектеп бітірген оқушылар ана тілін С 2+ деңгейінде, екінші тілді С2 деңгейінде меңгерулері қажет. Осы деңгейлерге жету үшін қазақ тілі сабақтарында келесі тілдік дағдыларды қалыптастыру қажет.

Тыңдалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін практикада қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдылары.

«Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» - тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты – **тыңдалым** әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек

ақпаратқа өз көзқарасын білдіреді; ой қорыта біледі.



мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.



Тыңдалым кезіндегі тапсырма Жаңа тақырыпқа шығу үшін «Қазағымның дәстүрлері-ай» әні тыңдалады. Балалар бұл әнде не туралы айтылатынына тоқталады. Қолдарындағы суретпен сәйкестігін анықтайды. Осыдан соң мұғалім оқушылардан неге дәл осы сөздер төңірегінде ой бөліскендерін сұрай отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға жетелейді.

Кім жылдам? Интерактивті тақтадан слайд арқылы «Адасқан әріптерді тап та,



Интербелсенді

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| | <p>кіреді</p> <ul style="list-style-type: none"> • төрден есікке қарай орналасады • үйдегілерге белгі береді • үйге келген адам ішке бірден кірмейді • қонақ деп атайды <p>Штоп:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қонақжайлылық- <ul style="list-style-type: none"> • Қазақ-үйіне келген қонақты құрмет тұтып, • Ауылға келген бейтаныс қонақтар пейілі кең, <ul style="list-style-type: none"> • дастарқаны мол, үйі таза, тәрбиелі ұл-қызы бар үйлерге түседі • қазақ халқының ата-бабадан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ізгі дәстүрі • сыйлайтын кеңпейіл халық <p>в) «Балық қаңқасы» (фишбоун) сызу.</p> <p>Сергіту сәті: «Көңілді күн» әуенінің сүйемелдеуімен</p> <p>Мәтінді тыңдаңыз және төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Бекзат – студент. Ол Алматыда, ауласы кең жер үйде тұрады. Оның үйінде әдемі бау-бақша бар. Бау-бақшада ағаштар, өсімдіктер көп. Бекзат ауласына гүл отырғызады. Оның ауласындағы гүлдер өте әдемі. Гүлдер жақсы өсу үшін ол гүлдерді жиі суарады. Бекзат жыл сайын көшет отырғызады. Өсімдіктер ауаны тазартады.</p> <p>1. Бекзат тұрады.</p> <p>а) пәтерде в) көшеде с) жер үйде д) бөлмеде</p> <p>2. Қандай үйде бау-бақша</p> | <p>Оқушылар сергіту тапсырмасын орындайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> | <p>Мадақтау</p> <p>Әр дұрыс жауап 1 балл</p> | |
|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| | <p>болады? а) пәтерде в) тұрғын үйде с) жер үйде д) көшеде</p> <p>3. Өсімдіктер ауаны а) тазартады в) суартады. с) ластайды д) жасайды</p> <p>4. Гүл жақсы өсу үшін керек. а) суару в) жұлу с) өсіру д) егу</p> <p>5. Таза ауа денсаулыққа а) пайдалы в) пайдасыз с) зиян д) төмен</p> | | | |
|--|---|--|--|--|

Соңы
Кері байланыс

Рефлексия



Сабақ қызықты өтті, барлығын түсіндім!

Сабақ көңілсіз өтті, шаршадым!

Сабақта еш нәрсе түсінбеді, қоңырауды асыға күттім!


Сабақ көңілсіз өтті, шаршадым!

Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды

ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау



Кері байланыс тақтай шасы.

| | | | | |
|--|---|--|---|----------------------|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | | Қатыспағаны: | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Тест тапсырмалары</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Өткен сабақтарда алған білімдерін тексеру | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама – қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір - біріне қарап, баланың қасиетін айтады. | Оқушылар бір – бірінің жақсы қасиетін айтады | Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі  | Оқулықта р, суреттер |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі Амандасу, түгелдеу Тест тапсырмалары 1. Тақырып дегеніміз не? А) Мәтіндегі оқиға мен ойдың түйіні В) Сөйлемдердің байланысуы С) Тіркесіп келетін сөздер D) Сөйлемдегі сөздердің байланысы 2. Мәтінге ат қою деген дегеніміз не? А) ондағы негізгі ойды немесе тақырыпты қысқаша атау В) өзара мағыналық байланыста айтылады С) автордың айтайын деген басты пікірі D) мәтіндегі негізгі ой мен тақырыптың мазмұны 3. Мәтіннің қай түріне жататынын анықта. <u>Оның көз алдына бет ұшында қарашықтай меңі бар, талдырмаш қара торы қыз елестеді.</u> А) сипаттау мәтіні В) пайымдау мәтіні С) әңгімелеу мәтіні D) хабарлау мәтіні 4. Сипаттау мәтінге | Берілген тестті орындайды | Әр дұрыс жауап – 1 балл | Оқулықта р суреттер |

қай сұрақ қойылады?

- A) не үшін?
- B) не істеді?
- C) қандай?
- D) қанша?

5. Мәтіннің бөліктерін көрсет.

- A) негізгі, басы, қорытындысы
- B) әңгімелеу, пайымдау, сипаттау
- C) қорытындысы, соңы, басы
- D) басы, негізгі бөлім, соңы

6. Мәтіннің түрлерін көрсет.

- A) негізгі бөлімі, пайымдау
- B) әңгімелеу, пайымдау, сипаттау
- C) қорытындысы, соңы, басы
- D) басы, негізгі, соңы

7. Мәтінге ат қой.

Бір күні Қожанасыр досына келсе, ол үйін тазалап жатыр екен. Қожа одан:

- Е, достым! Не істеп жатырсың? – деп сұрайды.
- Ә, Қожа екенсің ғой! Мынау ескірген киім, қағаз, кітап бәрін өртейін деп жатыр ем, - дейді досы.
- Қой, достым! Киім ескіргенімен, кітап ескірмейді. Кітаптың сырты ескіргенімен ішіндегі ақыл сөзі ескірмейді, - депті сонда Қожанасыр.

- A) Қожанасырдың досы
- B) Үй тазалау
- C) Ескірген киім
- D) Кітап ескірмейді

8. Мәтіндегі негізгі ой дегеніміз не?

- A) Бірнеше сөйлемнен құрылып, бір мазмұнды беретін сөз тобы.
- B) Мәтін тақырыбын қысқаша айту
- C) Автордың айтайын деген

басты пікірі.
D) Бәлкім, мені ұмытқан боларсың.

9. Әңгімелеу мәтіні деген не?

- A) бір нәрсе жөнінде баяндайды, хабарлайды.
B) белгілі бір заттың, құбылыстың белгілерін көрсетеді, қандай екенін сипаттап суреттейді.
C) бір нәрсе туралы неліктен солай айтылғанын дәлелдейді
D) хабарлы сөйлем

10.Пайымдау мәтіні деген не?

- A) белгілі бір заттың, құбылыстың белгілерін көрсетеді, қандай екенін сипаттап суреттейді.
B) бір нәрсе туралы неліктен солай айтылғанын дәлелдейді
C) бір нәрсе жөнінде баяндайды, хабарлайды.
D) хабарлы сөйлем

11. Сипаттау мәтіні деген не?

- бір нәрсе туралы неліктен солай айтылғанын дәлелдейді хабарлы сөйлем бір нәрсе жөнінде баяндайды, хабарлайды.
D) белгілі бір заттың, құбылыстың белгілерін көрсетеді, қандай екенін сипаттап суреттейді.

12. Мәтін неше бөліктен тұрады?

- A) 1
B) 2
C) 3
D) 4

13. Мәтін неше түрі болады?

- A) 1
B) 2
C) 3

D) 4

14. Мәтіннің қай бөлігіне жатады?

«Біз жана мектепте оқимыз. Мектеп жаңа. ...»

- A) басы
- B) негізгі бөлімі
- C) соңы
- D) атауы

15. Мәтіннің қай түріне жататынын анықта.

Көкек

Көкек ұя салмайды.

Балапан баспайды. Ол бір ғана жұмыртқа туады.

Жұмыртқасын торғайдың ұясна тастап кетеді. Оны торғай басып шығарады.

- A) мысал
- B) пайымдау
- C) әңгімелеу
- D) сипаттау

16. Өлең шумағы мәтіннің қай түріне жатады?

Қарашы, күз келді, күз келді,

Сары алтын жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен түзеді,

Көңілсіз неліктен күз енді? (Нұрхан Жанаев)

- A) хабарлы сөйлем
- B) пайымдау
- C) әңгімелеу
- D) сипаттау

17. Қандай сұрақ қою арқылы әңгімелеу мәтін екенін ажыратуға болады?

- A) Не істеді?
- B) Қандай?
- C) Неліктен?
- D) Нешінші?


18. Қандай сұрақ қою арқылы пайымдау мәтін екенін ажыратуға болады?


- A) Не істеді?
- B) Қандай?
- C) Неліктен?
- D) Нешінші?


19. Мәтінде ... мағыналық жағынан байланысқан.

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| | <p>A) сөздер B) сөйлемдер C) дыбыстар D) буындар</p> <p>20. Мәтін деген не?</p> <p>A) өзара мағыналық байланыста айтылатын екі не одан да көп сөйлемнен құралады. B) заттың атын білдіретін сөздер C) екі немесе одан да көп түбірден жасалған сөз D) заттың іс- қимылын білдіреді</p> | | | |
|--|---|--|--|--|



| | | | | |
|--|---|--|--|-----------------------------------|
| <p>Соңы Кері байланыс</p> | <p style="text-align: center;">Рефлексия</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p><u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау</u></p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|--|---|--|--|-----------------------------------|




| | | | | |
|--|---|--|--|---|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқандар: | Қатыспағандар: | | |
| Сабақтың тақырыбы | Эссе жазу | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. | | | |
| Мақсаты | Барлық оқушылар орындай алады: Эссе құрылымын сақтай алады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Эссе құрылымын сақтап, оқиғаны сипаттай алады Кейбір оқушылар орындай алады: Эссе құрылымын сақтайды. Оқиғаны сипаттауда ерекшелік танытады. | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі «Өзіңді білгің келсе» жобалық тест. Мақсаты: мұғалімдер жобалық тест арқылы өздерінің мінез- құлықтары мен жекелік қасиеттерін біле алады. Нұсқау: А4 форматтағы ақ қағазға сурет салу ұсынылады.</p> <p>Болған соң салынған суреттеріне қарай талданады.</p> <p>Сурет салу: күн, тау, үй, ағаш, жол, жол, сақина.</p> <p>Тау – дөңгелек салынса, мінезі жұмсақ, мейірімді, сенгіш. Егер тау ұшты болса, өкпелегіш, тік мінезді. Егер аралас салынса – басында қар болса, өзгермелі адам.</p> <p>Үй – суретте ағаш үй салынса, арманы орындалады. Егер бір терезе салынған болса өзіне жақын бір адам туралы көп ойланады. Егер бірнеше терезе болса және жапқыштары болса, ол тұйық, сақ адам. Үйдің төбесінде мұржасы болса, түтін шығып жатса, әңгімеге жақын,</p> | Оқушылар параққа сурет салып, мінездерін біледі. | От шашу арқылы бір-бірін бағалау.  | Оқулықтар, суреттер қарындаштар, слайдтар |

| | | | | |
|------------------------|---|--|---|--|
| | <p>өсеккұмар адам. Ағаш – біреу болса өзінің жолдасына ұнайды. Егер бірнешеу болса, балаларды жақсы көреді, оларға уақыт бөліп, көңіл аударды. Қоршаған әлемді сүйеді, қанша мықты әдемі салынса, сұлулыққа соншалықт ы құмар. Жол – үйге жақын жатса, жолы жеңіл, алыс болса керісінше. Егер жол үйдің есігінен шықса, тапқан табысын үйге әкелетін, ал керісінше болса айналасына тарататын адам. Сақина – көзсіз болса қонақ қабылдағанды, қонақ шақырғанды ұнатады. Көзі болса болашақты ойлайды, капитал жинайды. Неке жүзігі мықты отбасын білдіреді.</p> | | | |
| <p>Сабактың ортасы</p> | <p>Жаңа сабақты менгерту II. Жұптық жұмыс. «Сөздік гол» ойыны. Сөз тәрбие құрмет Орыс тілінде Ағылшын тілінде Сөйлем Эссенің жазылу талаптарын түсіндіру Әр бөлім жаңа азат жолдан басталып жазылады. Эссенің жазылу жоспарына тоқталу:</p> <p>Эссе</p> <p>Кіріспе 20 сөз</p> | <p>Оқушылар буындарды қосып жазады. Дәптермен жұмыс жасайды.</p> <p>Оқушылар буындарды қосып оқиды.</p> <p>Қимыл қозғалысты</p> |  | <p>Оқулықтар, суреттер, слайдтар</p> |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | <p>Негізгі 40 сөз</p> <p>Қорытынды 10 сөз</p> <p>Жазылым тапсырмасы:</p> <p>Досыңызбен бірге мектептен қайтып келе жатып, аялдамада ауыр сөмке көтерген қарт кісіні кездестірдіңіз. Қарт кісіге қалай көмектесетіндігіңізді сипаттап жазыңыз. Сын есімдерді қолданыңыз. (60-70 сөз) Төменде ұсынылған тірек сөздерді қолданыңыз: көмектесу, қарт кісі, құрмет, үйіне дейін жеткізіп салу, алғыс білдіру</p> <p>Сергіту сәті:</p>  | <p>Оқушылар берілген сөздерді оқиды</p> <p>Қимыл қозғалысын жасайды.</p> | | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|--|-----------------------------------|
| <p>Соңы 5 минут</p> <p>Кері байланыс</p> |  <p>Үйге тапсырма беру: «менің мектебім»эссе жазып келу</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <ul style="list-style-type: none"> - өте жақсы - жақсы - орташа | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|--|--|--|--|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|---|---|--|---|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтін стилі мен жанрын анықтау</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Мәтіннің стильдерінің түрлерін ажыратуға дағдыландыру | | | |
| Мақсаты | Стиль, жанр ерекшеліктерін түсініп, теориялық білімін тәжірибеде қолдана алады. Жазба жұмысын сауатты орындайды, көркемдегіш құралдарды орынды қолдануға тырысады | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>I Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>- Оқушылар қандай бөлімді аяқтадық?</p> <p>- Осы бөлімді оқу барысында не білдіңдер, қандай дағдыларды меңгердіңдер? Өздеріңнің бойында қандай қасиеттеріңді дамытқыларың келеді? Айналадағы жағдаяттарға пікір білдіруде әділ болу қолыңнан келеді ме? Ендеше мына суретке назар аударыңдар.</p> <p>- Суретті көргенде қандай сезімде болдың?</p> <p>- Бұл сурет туралы не білгің келеді?</p> <p>- Осы сурет саған қандай ой салды?</p>  <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлап, бағалау критерийлерімен таныстыру</p> | <p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p> | <p>Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>  | <p>Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар</p> |

| | | | | |
|------------------------|---|---|--|--|
| <p>Сабақтың ортасы</p> | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p>  <p>Стильдердің тілдік сұрақтары:</p> <p>Ғылыми стильде - ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне заңды сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.</p> <p>Ресми іс-қағаздар стилінде - кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, заңды ойлар мен заң тіркестер мен құжат тілдері жиі қолданылады.</p> <p>Публицистикалық стильде - риторикалық сұрақтар, стильдік қайталау, антитеза пайдаланылады.</p> <p>Көркем әдебиет стилінде - ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары(теңеу, метафора) қолданылады.</p> <p>Ауызекі сөйлеу стилінде - қарапайым сөздер мен сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады, көбінесе диалог түрінде келеді.</p> <p>Мағынаны тану</p> <p>Оқылым алды.</p> <p>Кел, көрейік! ЖЕ. Тапсырма: «Ұлттар мен нәсілдер» бейнежазбасын көру. Шарты: бейнежазбаны көре отырып, негізгі ақпаратты анықта.</p> <p>Дескриптор: Бейнежазбаны көреді. Бейнежазба мазмұны жайында өз ойымен бөліседі, қорытады</p> <p>Сұрақтар қоя отырып, оқушылардың жауаптары тыңдау:</p> <p>-Бейнежазбадан не түсіндіңдер?</p> <p>-Еліміздегі саны көп ұлттарды атап беріңдерші? (қазақ, орыс, өзбек)</p> <p>-Барлық ұлт өкілдері қандай мүмкіндіктерге ие? (Білім алу , еңбек ету)</p> <p>-Ойды қорыту.</p> | <p>Оқушылар жаңа сабақты меңгереді</p> <p>Оқушылар бейнежазба көреді</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p> <p>Оқушылар жазылым дағдысын орындайды</p> | <p>Оқулықтар, суреттер, кестелер, плакаттар, слайдтар</p>   | |
|------------------------|---|---|--|--|

Оқылым ортасы. Кел, оқиық! ЖЕ. Тапсырма: Мәтінмен жұмыс. Шарты: мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықта.

INSERT (түртіп алу)

Білемін

Жаңалық

Қарама – қайшы

Түсінбедім/ білгім келеді

Дескриптор: Мәтінді түртіп алу тәсілі арқылы оқиды Мәтін мазмұны жайында өз ойымен бөліседі, қорытады. Сен үшін не жаңалық болды? Барлық ұлттардың «терезесі тең» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Мәтіннің мазмұны талқыланады. Мәтін түсінікті ме? ҚБ «Бағдаршам»

Оқылымнан кейін. Кел, салыстырайық!

Тапсырма. «Кесте» Шарты: Мәтіндердің мазмұнына сүйене отырып, салыстыру, кестені толтыру

| А мәтіні | Ә мәтіні |
|--|----------|
| 1.Түрі (мақала, әңгіме, баяндама, заңнама т.б) | |
| 2.Стилі | |
| 3.Тіл ерекшелігі (көркем сөз, термин, т.б.) | |
| 4.Көзделген аудитория (кімдерге арналғандығы) | |

ЖЖ. Тапсырма: Морфологиялық талдау.

Оқушылар морфологиялық талдау жасайды

Сұрақтарға жауап береді



Шарты: 1- абзацтағы 3,4,6 – сөйлемдердің қай шақта тұрғандарын анықта, қай райға жататынын тап.

3-жақсы көрді – жедел ө.ш., ашық рай.


5-атанып отыр- нақ о.ш., ашық рай.

6-айтады – ауыспалы о.ш., ашық рай.


ТЖ. Тапсырма.
«Ассоциация»

Суретте не бейнеленген деп ойлайсыңдар? Шарты: Суретке сүйене отырып, берілген сұраққа жауап беретін сөздерді мысалға келтір.



| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| | <p>1.«Кім(дер)? Не(лер)»</p> <p>2. «Қандай?»</p> <p>3. «Не істейді?»</p> <p>ТЖ. Кел, жазайық! Тапсырма. «STOP - КАДР» Шарты: Мақал-мәтелдерді, берілген тірек сөздерді мүмкіндігінше қолдана отырып сурет бойынша 4-5 сөйлемдік мәтін құра.</p> <p>«1мамыр - Бірлік күні» 1-топ. Суретке дейінгі болған оқиғалар тізбегін баянда. 2-топ. Суретте бейнеленген оқиғалар тізбегін баянда.</p> <p>3-топ. Суреттен кейінгі болған оқиғалар тізбегін баянда. Оқушылар құрастырылған мәтін бойынша ой қорытындылайды.</p> <p>Сергіту сәті:</p>  | <p>Мәтін құрайды</p> <p>Оқиғалар тізбегін баяндайды.</p> | | |
|--|---|--|--|--|

Соңы
Кері байланыс



Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды



Кері байланыс тақтай шасы.

| | | | | |
|---|--|---|---------|---|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Публицистикалық стиль</i> | | | |
| Оқу бағдарламасы на сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру. Қоғамдағы түрлі мәселерді баяндай отырып, жан-жақты ақпарат беру. Мәтіндегі ойды дұрыс айқындауға үйрету. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. | | | |
| Мақсаты | Бінтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | 1.Сынып оқушыларын топқа бөлуде публицистикалық стильдің жанрлық ерекшеліктеріне түрлерін пайдаланамын.Сөздер үлестірме парақшасына жазылып, парақшалар партаға тізіліп қойылады.Сабаққа кірген оқушылар парақшалардан алып, өзі алған парақшадағы жанр түріне сай топқа барып отырады. Яғни топ аттары «Деректеме, хабарлама жанры», « Аналитикалық жанр», « Көркем публицистикалық жанр» Топтағы бала саны -25, топ санының теңдігі сақталып, үлестірме дайындалады,яғни 8 оқушыдан бөлінеді. 2.Топтар ҰДН дайындайды. | Психологиялық ахуалға берілген психогиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. | | Оқулықта р суреттер Кестелер үлестірме парақша |

Ұстанымы, дәлелдемесі,
нәтижесі.

Сабақ талабы:

«**Тыңда, таңқалдыр,
қуан**», яғни сабақтың өн
бойында бір-бірімізді
тыңдаймыз,
білімдерімізбен
таңқалдырамыз және бір-
біріміздің де,өзіміздің де
жетістіктерімізге
қуанамыз дей келе сынып
оқушыларын сабақтың
мақсатымен,табыс
критерийімен
таныстырамын.

Сабақтың мақсатын,
табыс критерийлерін әр
топтың алдына қоямын.
Интерактивті тақтамен
көрсетемін.

Топтардың аттары
жазылған парақшалармен
топтарды белгілеп
қоямын.

Топтардың ҰДН жазылған
парақтары тақтада ілініп
тұрады.

**Миға
шабуыл.**Оқушылардың
өздері дайындапған
схбаттарынан бір
бейнеролик көрсетемін.

Сұрақ қоямын:

- Әсемай сөздің қандай
қолданыс түрін
пайдаланды?

Жауабы: ауызша

- Әсемайдың сөзі
қолданысы кімдерге

Шарлар
суреттерін
тарату арқылы
бағалау
жүргізіледі



Оқушылар
сұраққа жауап
береді, жұмысты
берілген түріне
қарай
орындайды.

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--------------------------------|---|----------------|---------------------------|----------------------|---|----------------------|---|--------------------------------|---|--------------|---|-----------------------|---|--|--|--|
| | <p>арналған деп ойлайсыңдар?</p> <ul style="list-style-type: none"> Көпшілікке | | | | | | | | | | | | | | | |
| | <table border="1"> <tr> <td>Стиль түрлері</td> <td>Сөз қолдану ерекшеліктері</td> </tr> <tr> <td>Ауызекі сөйлеу стилі</td> <td>Бейнелі, эмоционалды, әр спрессивті сипатта қолданылады</td> </tr> <tr> <td>Көркем әдебиет стилі</td> <td>Бұқаралық ақпарат құралдарында, жиын мәжілістерде қолданады</td> </tr> <tr> <td>Ресми стиль, іс-қағаздар стилі</td> <td>Ғылыми зерттеу еңбектерінде, ғылыми баяндамалар, дәрістер, мақалаларда қолданылады.</td> </tr> <tr> <td>Ғылыми стиль</td> <td>Әр түрлі мекемелерде /жеке тұлғаға қатысты да/ жүргізілетін құжаттар, нұсқау хаттар, іскерлік қағаздарында қолданылады.</td> </tr> <tr> <td>Публицистикалық стиль</td> <td>Сөйлеу тілінің стилдік тармақтары болмайды, алдын-ала дайындалуды қажет етпейді, қарым-қатынас негізінен ауызша жүзеге асырылады.</td> </tr> </table> | Стиль түрлері | Сөз қолдану ерекшеліктері | Ауызекі сөйлеу стилі | Бейнелі, эмоционалды, әр спрессивті сипатта қолданылады | Көркем әдебиет стилі | Бұқаралық ақпарат құралдарында, жиын мәжілістерде қолданады | Ресми стиль, іс-қағаздар стилі | Ғылыми зерттеу еңбектерінде, ғылыми баяндамалар, дәрістер, мақалаларда қолданылады. | Ғылыми стиль | Әр түрлі мекемелерде /жеке тұлғаға қатысты да/ жүргізілетін құжаттар, нұсқау хаттар, іскерлік қағаздарында қолданылады. | Публицистикалық стиль | Сөйлеу тілінің стилдік тармақтары болмайды, алдын-ала дайындалуды қажет етпейді, қарым-қатынас негізінен ауызша жүзеге асырылады. | | | |
| Стиль түрлері | Сөз қолдану ерекшеліктері | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ауызекі сөйлеу стилі | Бейнелі, эмоционалды, әр спрессивті сипатта қолданылады | | | | | | | | | | | | | | | |
| Көркем әдебиет стилі | Бұқаралық ақпарат құралдарында, жиын мәжілістерде қолданады | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ресми стиль, іс-қағаздар стилі | Ғылыми зерттеу еңбектерінде, ғылыми баяндамалар, дәрістер, мақалаларда қолданылады. | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ғылыми стиль | Әр түрлі мекемелерде /жеке тұлғаға қатысты да/ жүргізілетін құжаттар, нұсқау хаттар, іскерлік қағаздарында қолданылады. | | | | | | | | | | | | | | | |
| Публицистикалық стиль | Сөйлеу тілінің стилдік тармақтары болмайды, алдын-ала дайындалуды қажет етпейді, қарым-қатынас негізінен ауызша жүзеге асырылады. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | <p>арналған</p> <ul style="list-style-type: none"> Ендеше көпшілікке арналған сөз қолданыстары публицистикалық стиль деп аталады. Сонымен тақырыбымыз: «Публицистикалық стиль» | | | | | | | | | | | | | | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақты меңгерту 1-тапсырма. | Топтық жұмысты | | Оқулықта р суреттер | | | | | | | | | | | | |

Сәйкестендіру тесті. 3 топқа беріледі.

Дұрыс жауабын интерактивті тақтадан әр топтан бір оқушыдан шығып сәйкестендіреді.

2-тапсырма. /Білу, түсіну деңгейлері/

Публицистикалық стиль дегеніміз не?

1-топ.

А) Публицистикалық стиль, оның қалыптастыру кезеңі.

Б) Публицистикалық стилдің деректеме, хабарлама жанры бойынша/ деректемелер, интервью, рецензия/

2-топ.

А) Сипаты.

Б) Публицистикалық стилдің аналитикалық жанры бойынша /бас мақала, мақала, сын – пікір мақаласы/

3-топ.

А) Ауызша, жазбаша түрлері.

Б) Публицистикалық стилдің көркем публицистикалық жанры /очерк, фельетон, репортаж, эссе/

орындайды

Оқушылар топтық жұмыс орындайды



Кестелер
Қағаздар,
плакаттар,
слайдтар

Түсіндіру әдісін топ мүшелері өздері таңдайды.

/ Алдын ала берілген тапсырма/

Табыс критерийі:

1. Мәтін мазмұнын түсініп оқу.

2. Мәтіндегі нақты ақпараттарды білу.

3. Түсіндірудің тиімді әдісін таңдай білу.



Мәтінді «сканерлеп оқу» әдісімен мұқият түсініп оқып, мазмұнын түсініңіз. Мәтін үш бөлікке бөлініп, үш топқа әр бөлігі таратылып беріледі. Әр оқушыға мәтін бөлігі жеке-жеке беріледі, яғни әр оқушы мәтін бөлігін жеке-жеке оқиды. Соңында топ мүшелері оқыған мәтіндерінің мазмұнын ортада талдап, келесі топқа өздері таңдаған әдіс бойынша түсіндіреді.

1-топ. «Телебағдарлама» әдісі
2-топ «Тікелей радиоэфир»
3-топ «Студенттер аудиториясындағы конференция»

3-тапсырма. /Саралап берілген тапсырма/

/Талдау, жинақтау деңгейлері/

Оқушылар топтық жұмыс орындайды



1-топ Жеке тапсырма. /10 минут/
 Тапсырма сараланады. Үлгі ретінде . «Абай жолы» романындағы Абай мен тарихтағы қазақтың бас ақыны Абай.
 2-топ. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы Шоқан мен тарихтағы алғашқы ғалым- этнограф Шоқан
 3-топ.
 Тапсырма дескрипторы:

| Дескрипторы | Орындалу деңгейі |
|---|------------------|
| 1. Тарихи тұлғаны зерттейді, Тарихтағы әрекетін сипаттап, шығармадағы прототипімен салыстырады. | + |
| 2. Өмірбаяндық очерктің нұсқасын ұсына алады. | + |
| 3. Өзіндік ой түйіндейді. | - |

Өзін-өзі бағалау.

Сергіту сәті:






Орнымыздан тұрамыз.
 Қолымызды иық деңгейіне қойып, алға-артқа айналдырамыз 2 рет
 Басымызды оңнан-солға, солдан-оңға айналдырамыз 2 рет
 Көзімізді ашып - жұмамыз
 Көзімізді шеңбер бойымен айналдырамыз 2 рет
 Қолымызды алға созып, кейін төбеге, белге, қайта орнына қоямыз 2 рет




Оқушылар топтық жұмыс орындайды.

Оқушылар қимыл – қозғалыс жаттығуын жасайды

| | | | | |
|----------------------------------|---|--|---|-----------------------------------|
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>Жетістік баспалдағы</p>  <p>Үйге тапсырма беру: <i>Публицистикалық стильге байланысты мәтіндер жазып келу</i></p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <p>- өте жақсы - жақсы - орташа</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|----------------------------------|---|--|---|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|--|---|---|--|
| Педагогтың аты – жөні | | | | |
| Күні: | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Ғылыми стиль</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру. Қоғамдағы түрлі мәселерді баяндай отырып, жан-жақты ақпарат беру. Мәтіндегі ойды дұрыс айқындауға үйрету. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. | | | |
| Мақсаты | БІнтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі «Тыныштықты жақсы көретін патша» Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш – ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол</p> | <p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар рөлдік ойын ойнайды.</p> | <p>Шарлар суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі</p>  | <p>Оқулықтар суреттер, слайд, бейнежазба</p> |

| | | | | |
|------------------------|---|--|--|----------------------------|
| | <p>бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды.</p> <p>Сол тәртіппен ойын жалғаса береді.</p> <p>Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.</p> | | | |
| <p>Сабақтың ортасы</p> | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>1. Мәтінді тыңдау және оқу.</p> <p>2. мәтінді жатқа жазу.</p> <p>Ұзын Қарғалы өзенінің бойындағы ескі суэлектр станциясы қайтадан іске қосылды. Қазір ол 400 киловатт электр энергиясын беріп тұр. Сонымен 700-800 үй арзан электр қуатын алатын болады. Әр киловатт энергия елу- ақ тиын тұрады</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма</p> <p><i>ТЖ. ПОПС» әдісі («4 сөйлем» әдісі) арқылы тыңдалым мәтінде көтерілген мәселені болжайды</i></p> <p>1-топ. Байқоңыр – ғарышқа бастар жол</p> <p>2-топ Қазақстан – ғарышты игеруде әлемдегі озық мемлекеттер қатарында</p> <p>3-топ. Қазақстан – ғарыш</p> | <p>Оқушылар берілген тапсырманы орындайды</p> <p>Оқушылар топпен жұмыс жасайды</p> <p>Берілген сұрақтарға жауап береді</p> |  | <p>Қағаздар, плакаттар</p> |

кіндігі.

Дескриптор:

- мәтіннен алынған тірек сөздер мен дәйексөздерді қолданады
- тыңдалым мәтінде көтерілген мәселені болжайды

Оқылым алды тапсырмасы

«Сұрақ-жауап» әдісі

- Тыңдалым тапсырмасында берілген мәтінде қандай стиль қолданылды.
- Публицистикалық стиль қайда қолданылады?
- Мәтін жанры қандай деп ойлайсыңдар?
- Қазақ тіліндегі стиль түрлері

Дескриптор:

- Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді

Оқылым тапсырмасы Ж.

1. Мәтінді көз жүгіртіп оқу

2. Сканерлеп оқу

Мәтіннен тірек сөздер мен дәйексөздің астын сызып оқу

I топ

Ғарыштың кілті –
ғылымда

Бүгінде ғарыш айлағына саусақпен санарлықтай елдер ғана ие.

Халықаралық сарапшылардың дені «сол санаулы ғана елдердің ішінде Қазақ елінің мәртебесі биік, шоқтығы жоғары»

Берілген тапсырмаларды орындайды



ҚБ: жасыл, сары, қызыл түсті зымырандар арқылы жүргіземін

деседі. Тіпті қайсыбір сарапшылар тарапынан «2020 жылға қарай Қазақстан ғарыштық державаға айналуы мүмкін» деген жорамалдар да айтылып қалады... Жалпы, ғарыш айлағы жөнінде сөз етер болсақ, әлемде француздық – Куру, бразилиялық - Алькантра, американдық Си-Лонч ғарыш айлақтары көшбасшы болып саналады. Отандық ғалымдар «солардың ішінде біздің «Байқоңырдың» беделі бәрінен асқақ» дейді. Жалпы, ғалымдардың айтуынша, ғарыштағы белсенді үрдістердің физикасы, ғарыштану мен жұлдыздардың қозғалысы, ай мен ғаламшарлардың физикасы, спутниктерді бақылау және ақпараттық жүйелер қызметі бүгінде біздің елде біртіндеп дамып келеді. Осы мақсатта отандық ғалымдар АҚШ, Германия елдерімен тығыз байланыс орнатып, маман біліктілігін арттырып келеді. Соңғы кездері отандық ғалымдар ғарышта жиналған қоқыстардың ауқымын бақылайтын және оны зерттейтін қабілетке қол жеткізген. Институт ғалымдарының қазіргі таңдағы ең жоғары ғылыми жаңалықтары ретінде 42 сейферттік галактиканың ашылуын айтуға болады.

II топ

Мадақтау

Астрономия



Астрономия грекше астрон-жұлдыз, ал номос – заң деген ұғымды білдіреді. Астрономия — ғарыштық денелердің құрылысы, дамуы, олар құрайтын ғарыштық жүйелер және тұтас Ғалам туралы ғылым. Астрономия ғарыш кеңістігіндегі жекелеген денелерді немесе денелер жүйелерін, олардың құрылысын, пайда болуын және динамикасын, сондай-ақ, оларда болып жатқан құбылыстарды зерттейді. Аспан денелеріне жұлдыздар, планеталар, планеталардың серіктері, сондай-ақ кометалар, метеориттер жатады. Астрономия - табиғат туралы көне ғылымдардың бірі. Оның дамуына ертедегі адамдардың тұрмыс тіршілігіне байланысты қажеттілік себеп болды. Ол кезде уақытты, бағыт-бағдарды дәл көрсететін құралдар мен жабдықтар болмаған. Сондықтан да адамдар Күн мен Айға, аспандағы жұлдыздарға қарап жыл мерзімі мен уақытты айыратын болған. Ал мұндай

жұмыс аспан денелерінің қозғалысын үнемі бақылап отыруды талап етті. Аспан денелерінің қозғалысын бақылау қажеттігінен туындаған ежелгі құрылыстардың орны Қазақстанда көптеп кездеседі. Сөйтіп практикалық қажеттілік астрономия ғылымының тууына ең басты түрткі болды.

III топ

A мәтіні

Ғарышты зерттеуге бағытталған жобалар 2014 жылдың жобалары өте сәтті жүзеге асты. Ғарышты толығымен танып-білу жолында бұл жыл да ерекше болмақ. Ағымдағы жылда Күн жүйесіндегі ең алыс ғаламшар Плутон туралы нақты ақпараттар алуға мүмкіндіктер болады. Америкалықтардың «Жаңа көкжиектер» (англ. New Horizons) атты ғарыш аппараты осы жылдың шілде айында аталған ғаламшар атмосферасына жетеді деп жоспарланған. Ал наурыз айында «Dawn» зонды Марс пен Юпитер аралығында айналатын астероидтар айлағындағы ең кіші ғаламшар болатын Церераға қонады. Церера – адам баласына белгісіз, сырты мұзбен қапталған астероид. Оның қыртысында табиғи тұтынуға болатын су бар болуы ғалымдар тарапынан тұспалданған. Ендеше Церера адам өмір сүруіне қолайлы

Жұмбақты шешеді

мекен болуы да мүмкін. Әрине бұл жоспардағы жобалардың барлығы емес. 67Р/Чурюмов – Герасименко кометасына қондырылған «Розетта» (ағыл. Rosetta) модулінің жұмысы 2015 жылдың соңына дейін жалғасын таппақ. Ал Virgin Galactic ғарыш аппаратының сәтсіз жарылысқа ұшырауына қарамастан жеке меншік компаниялар жобаны соңына дейін жеткізуді мақсат еткен.

Ә мәтіні

Ұшу аппараты

Ұшу аппараты — планеталар атмосферасында немесе ғарыш кеңістігінде басқарылып ұшырылуға арналған құрылғы. Ұшу аппараттар атмосфералық және ғарыштық болып екіге бөлінеді. Атмосфералық ұшу аппараттары ауадан ауыр (ұшақ, тікұшақ, планер, т.б.) және ауадан жеңіл (аэростат, дирижабль, т.б.) болып топталады. Ауадан жеңіл ұшу аппараттарын көтергіш күш аэростатикалық, ал ауадан ауыр аппаратты көтергіш күш аэродинамикалық құбылыс негізінде пайда болады.

Ұшу аппараттарының жіктелуі — ұшу аппараттары негізгі белгілеріне қарай мынадай кластарға бөлінеді: көтерілу күшінің жасалу принципіне қарай ауадан жеңіл және ауыр

аппараттар, экипаждың болуы немесе болмауына байланысты пилотты және пилотсыз, қолданылуына қарай бір жолғы және бірнеше мәрте қолданылатын болып бөлінеді. Қазіргі кезде ауадан жеңіл ұшу аппараттары қосалқы рөл атқарады. Ұшу аппараттарының ауадан ауыр түрінің класында көп кездесетіні ұшақтар тобы болып табылады.

Сергіту сәті:



Соңы
Кері байланыс







Үйге тапсырма беру:

Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды



Кері байланыс тақтай шасы.

| | | | | |
|--|--|---|--|---|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Ауызекі сөйлеу стилі</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Қазақ тіліндегі ауызекі сөйлеу стилі туралы түсінік бере отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру; ә) түрлі әдістерді пайдалана отырып, балаларды тапқырлық, жылдамдық есте сақтау қабілеттерін арттыру; б) сабақ барысында оқушылардың білімін бақылау арқылы сауатты жазуға машықтандыру; | | | |
| Мақсаты | Ынтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылардың көңілін сабаққа аудару</p>  <p>Психологиялық ахуал Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап алайық.</p> <p>Сабақтың тақырыбын хабарлау.</p> | <p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p> | <p>Шарлар суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі</p>  | <p>Оқулықтар, суреттер, слайдтар</p> |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>1 - Тапсырма: Сөйлемдерді ауызекі сөйлеу стилінің түрлеріне қарай талдаңдар. Ол кезде біз Сұлтұрдың Қосарық деген жерінде тұратынбыз. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір тапал тамдардың арасымен ирелендеп ағып жататын арық бар болатын. Неше жылдар бойына су шайып, мүжіле - мүжіле арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен.</p> | <p>Оқушылар берілген тапсырманы орындайды</p> <p>Оқушылар берілген өлеңді ауызша түсіндіреді</p> |   | <p>Оқулықтар, суреттер Плакаттар, слайд</p> |

2 – тапсырма. Ауызекі сөйлеу стилінде түсіндір

Бақыт деген - сенің бала күндерің
Бақытсыз - ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз - ақ ойнағаның, күлгенің.
Бақыт жайлы менің мынау білгенім,
Бақыт деген - бірде шаттық, бірде мұң.
Бақытты сол – тәрік етіп түндерін,
Бақыт іздеп азаптанса кімде – кім

Мәтінді мұқият оқы. Мәтіннен сөйлеу ерекшеліктеріне тән сөз тіркестерін тап.

Салыстыр.

Мама, бүгін бес алдым, барлық сабақтан!..
Қырмызы өзінен бірер жас кіші сіңлісін ертіп,
анасының берген байғазы ақшасына дәріханадан гематоген сатып алады.
Дүкендегі кәмпіттерден гөрі осы қызыл-қоңыр тәттіні ерекше ұнататын-ды.
Әпкесінің «Бестік» алған күндері кішкентай сіңлісі үшін де бір мереке еді...
Басына байлаған ақ бантиктері желкілдеп,
өмірдің әр қалт еткен көрінісінен қуаныш көріп жүретін ол бір ғажап күндер еді-ау!..
Қырмызы әжесінің баласы еді. Ол кісінің сөз саптауы мен ой-пайымын бала Қырмызы аударып қалғанын қағып алатын-ды. Әжесінің әр сөзі оған саф алтындай қымбат және әр уақытта орынды болып саналатын. -
Менің шешем өте көрікті

Оқушылар мәтінді оқиды.
Салыстырады



Мәтінді оқиды.
Берілген тапсырманы орындайды

Мадақтау

| | | | | |
|--|---|---|------------------|--|
| | <p>кісі болған еді... Сен соған тартқансың. Балапаным-ай, кейде осы көркіңнен де қорқам...</p> <p>- Неге, әже? Сұлу болған жаман ба?</p> <p>- Жарқыным-ай, жақсы ғой, тек... жамандығы да бар.</p> <p>- Неге?..</p> <p>- Болды, қазымыр болма, ол баланың ойыны емес!</p> <p>- Айтшы, әже, сұлу болған неге жаман? Ұлдар бұрымыңнан көп тартқаны үшін бе?</p> <p>- Е, жалған-ай... Сенің екеу болғаныңды көріп, маңдайларыңнан сүйіп барып өлсем - арманым болмас еді...</p> <p>- Әже, сіз ешқашан да өлмейсіз, егер өлсеңіз сізді мен жүрегіме салып ап ешкімге көрсетпей, өөзіміз ғана әмір сүреміз. - Балапаным менің, кішкентай ақымағым... Е, Аллам, тіл-көзден аман ете гөр, бұлардың көз-жасын көрсетпе маған..</p> <p>Тапсырма</p> <p>Мәтінді түсініп оқы.</p> <p>Мәтіндегі 4 маңызды ақпаратты анықта.</p> <p>- анықталған ақпараттарды кластерге түсір</p> <p>- 4 сөйлеммен қорытындыла</p> <p>1-топ тапсырма мәтіні</p> <p>Әйелдердің бас киімдері: тақия, бөрік, орамал, кимешек, сәукеле, шәлі. Сәукеле - ең сәнді, күрделі бас киім. Қыз бала ұзатылғанда арнайы</p> | <p>Оқушылар топтық жұмысты орындайды.</p> <p>Қимыл қозғалысты іс әрекеттер жасайды.</p> | <p>Бағдаршам</p> | |
|--|---|---|------------------|--|

тігілетін бас киім. Сәукелені алтын, күміс, маржан қымбат тастармен әшекейлейді. Төбесіне үкі таққан, екі жағында салбыраған шолпысы болған. Халқымыздың: «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» дегеніндей, адам баласы ұятты жерлерін жасырып, абыройын қорғаумен ғана адамдық қасиетін сақтап қалады. Олай болса киім дегеніміз – ұят пен абыройдың қалқаны. Мұсылман халқы үшін орамал тарту – парыз саналған. Әйел адамдардың орамал тартуы – ер кісілердің сақал өсіруінен де үлкен парыз. **Орамал** – мұсылман әйелдерге Жаратқанның сыйға тартқан ең қымбат сыйлығы. Оған қатысты қасиетті Құран Кәрімде бірнеше дәлел хадистер келтірілген. Орамал – қазақ танымындағы киелі ұғым.

2-топ Мәтіннен

Ақ кимешек – қазақ әйелдері баскиімінің жапылама шартты түрдегі атауы, **ақ жаулықтың** баламасы. Кимешек – әрі этноқұндылық, әрі қайта айналып келген тәуелсіздіктің символы. Әйелдің баскиімін қадірлеген ұлттың әйелі де құрметті.

Кимешектің күрделі пішімі – басқа киілетін бөлігі. Ол – **«төбелдірік», «шықшыт», «желке», «мандай», «алқым», «иін»** деп аталатын бедер

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | <p>қиындылардан құралады.</p> <p>Кимешек ұзындығына қарай – арқа жабар, бел жабар (түйе кимешек), қылта шалғай, өкше қағар болып төрт өлшемге бөлінеді.</p> <p>Кимешектің киюге де, күтуге де ыңғайлы түрі – тоқыма кимешек.</p> <p>Тоқыма кимешек «киім – кешек» деген түбірге лайық төбесінен етегіне қарай ілмек (қармақ) бізбен тоқылып иықтан төмен түскенде кәдімгі желбегей жамылғыға жалғасып, түрлі бүршіктермен шашақтап, шілтерлеуге, әрлеуге мүмкіндік береді. Күндік, қасаба, сәлденің түрлері сияқты тоқыма кимешектер де жаздық, қыстық болып бөлінеді.</p> <p>Арқа жабар көбіне ғибадат құлшылық жасау, намаз оқуға ыңғайлы. Түйе – кимешек – үлгінің ертеден қалыптасқан түрі. Аты айтып тұрғандай түйеге, басқа да көлікке отырғанда бүктелмейді, ұзындығы құймышықтың ұшымен тұйықталады. «Күндігін қарқарадай қокитып, түйенің үстінде келе жатыр» деген одағай сөз тіркестері бар. Шалғайы қылтасын, қапталы бөксесін жауып киілетін кимешек – тойға да, «қойға да» ыңғайлы, күнделікті тұрмысқа қолайлы болған.</p> <p>3-топ тапсырма мәтіні</p> <p>Мұқағали Мақатаев</p> | | | |
|--|--|--|--|--|

Ақ кимешек көрінсе

Әже, сен бірге жүрсің
меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.
Ақ кимешек киген бір
кемпір көрсем,
Ақ кимешек астынан сені
көрем.

Өңі-түсі өзіннен бір
аумайды,
Немересін ертпесе жүре
алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз,
таныс мәсі,
Көзіме оттай басылып
алаулайды.




Аппақтығы ұқсайды әрінің
де,
Әжімің де, аумайды тәлімің
де.
...Әлемдегі әженің бәрі бір
ме?!
Әже, сен **тірі** екенсің әлі
күнге.

Қия өтпейді...
Ұқсайды ізетіде,
(Ізетсізді бұларда түзетуде.)
Бұларда бабасынан алып
қалған,
Өз жұртының дәстүрін
түзетуде.
Әже, сен бірге жүрсің
меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.
...Ақ кимешек көрінсе, сені
көремін,
Ақ кимешек жоғалса...
Нені көремін?


Сергіту сәті:





| | | | | |
|----------------------------------|---|--|---|-----------------------------------|
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>Тақтаға себет суреті ілінеді, оқушылар не үйренгенін стикерге жазып, себет ішіне жабыстырады</p>  | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <p>- өте жақсы</p> <p>- жақсы</p> <p>- орташа</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|----------------------------------|---|--|---|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні: | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Көркем әдебиет стилі</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін түсіндіру, оны шығармашылық жұмыстарда қолдануға бағыт – бағдар беру | | | |
| Мақсаты | Ынтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>I. Ұйымдастыру кезеңі. «Мен сияқты жаса» жаттығуы (сергіту). Топқа бөлу «Мен таңдаған стиль» Оқушылар жасалған жаттығуды қайталайды. Үш топқа бөлінеді.</p> | <p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p> | <p>От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>  | <p>Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар</p> |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>Мағынаны тану: Жаңа тақырыпты оқып «Жигсо» әдісі арқылы түсінуге бағыт беремін. Топ оқығандары бойынша бір-біріне түсіндіреді және талқылайды. Тапсырма. «Бақыт» тақырыбына сурет салу Оқушылар топпен ақылдасып, өз суреттерін салады. «Болжау» стратегиясы Бір күні бір бай кісі халық арасында жарыс жариялайды: бақыт сезімін қағаз бетіне түсіре алатын ең жақсы суретшіге мыңдаған ақшаны жүлде береді. Жарысқа көптеген суретші қатысады. Бірнеше апта бойы бір-бірінен өткен әдемі суреттер салынады. Жарыс соңында барлық жұмыстарды іріктеп</p> | <p>Оқушылар оқығандарын түсіндіреді, талқылайды</p> <p>Оқушылар сурет салады</p> |  <p>Екі жұлдыз бір тілек</p> | <p>Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар, қайшы Қағаздар, плакаттар</p>  |

| | | | | |
|--|---|---|-----------------|--|
| | <p>болған соң, қазылар алқасы екі суреттен ең жақсысын таңдай алмай қиналып қалады:</p> <p>Суреттердің бірінде тұнық бір көлдің суреті болды. Көлдің бетіне айнадай болғаны соншалық айналасындағы таулардың бейнесі шағылып тұрды. Көлдің үстінде аппақ, мақтадай ақ бұлттар бар. Суретке кім қараса бірден “қандай жарастық, тыныштық. Бақыт осы болар” деп ойлайды. Басқа суретте таулар салынған. Бірақ тік, күрделі таулар. Күн күркіреп, жаңбыр жауып тұр. Тау бөктерінде сарқырама бар. Қысқасы сурет еш ғанибет суреті емес-ті.</p> <p>Бірақ, бай кісі суретке қарап сарқыраманың қасында кішкентай құстың бейнесін көреді. Қасында құс ұясы да салынған екен. Кішкентай құс судың ортасында ұя құрған. Бақыт пен ғанибеттің керемет үлгісі. Бірден жеңімпаз болып осы сурет атанды. Өйткені, бақыт қиындық пен тапшылықтың болмаған жерінде емес, барлық қиындықтарға қарамастан жүрегімізде жарастық таба білуде жатады.</p> <p>Мұғалім мәтінді бөліктерге бөліп, оқушыларға жалғасын жазуды ұсынады, оқушылар әрқайсысы өз ойларын қағазға түсіреді. «РАФТ» стратегиясы бойынша бай адамның атынан хат жазу</p> | <p>Оқушылар сыни тұрғыда қойылған сұраққа жауап жазады.</p> <p>Қимыл қозғалысты іс әрекеттер жасайды.</p> | <p>Мадақтау</p> | |
|--|---|---|-----------------|--|

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | <p>ұсынылады, оқушылар ол адамның атынан хат жазады. «Суретті кеспелер» әдісін қолдана отырып сабақты қорытындылаймын.</p> <p>Сергіту сәті:</p>  | | | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|-------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|
| <p>Соңы Кері байланыс</p> |  <p>Үйге тапсырма беру: Өткенді қайталау</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|-------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|---|---------------------------|-------------------------|-----------|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Тест тапсырмалары</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Өткен сабақтарда алған білімдерін тексеру | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Амандасу, түгелдеу</p> <p>Тест тапсырмалары</p> <p>1. Жазба тілдің стильдік тармақтарын көрсетіңіз.</p> <p>А) Ауызекі сөйлеу стилі</p> <p>В) Ғылыми стиль, сөз мәдениеті</p> <p>С) жүйелі сөйлеу мәдениеті</p> <p>Д) Көркем әдебиет стилі</p> <p>Е) мақала, баяндама</p> <p>2. Ауызекі сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігін табыңыз.</p> <p>А) үндемей тыңдау</p> <p>В) қарапайым сөздерді қолдану</p> <p>С) тіл тазалығын сақтау</p> <p>Д) қыстырма сөздерді қолдану</p> <p>Е) диалогке құрылмайды</p> <p>3. Тілдесу үстіндегі қойылатын талаптар қалай аталады?</p> <p>А) коммуникативтік талап</p> <p>В) грамматикалық талап</p> <p>С) лексикалық талап</p> <p>Д) мәнерлеп сөйлеу талабы</p> <p>Е) ғылыми стиль тұрғыда</p> <p>4. Стильдің қанша түрі бар?</p> <p>А) 4</p> <p>В) 5</p> <p>С) 6</p> <p>Д) 3</p> <p>Е) 2</p> <p>5. Бұлт көлеңкесімен түтеген дала үнсіз бағынып, жаңбыр күтуде еді. Жел ұйытқытып қара жолдың күлгін шаңын көкке көтерді. Мәтін қай стиль үлгісінде жазылған?</p> <p>А) Ғылыми стиль</p> | Берілген тестті орындайды | Әр дұрыс жауап – 1 балл | |

- В) ресми стиль
- С) Көркем әдебиет стилі
- Д) мақала, баяндама
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

6. Стилистика қай тілдің сөзі?

- А)Араб
- В)Латын
- С)Орыс
- Д)грек
- Е)француз

7. Бірін-бірі бетпе бет көріп отырған екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуінде қай стиль қолданылады?

- А)Ғылыми стиль
- В) Көркем әдебиет стилі
- С) Жазба тіл
- Д) ауызекі сөйлеу стилі
- Е) мақала, баяндама

8. “Ақуыз синтезі” қай стильге жатады?

- А)Ғылыми стиль
- В) ауызекі сөйлеу стилі
- С) Көркем әдебиет стилі
- Д) публицистикалық стиль
- Е) ресми стиль

9. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы Қиыннан қиыстырар ер данасы..... Өлең қай стильде жазылған?

- А) Әдеби стиль
- В) Көркем әдебиет стилі
- С) Ғылыми стилі
- Д) ауызекі сөйлеу стилі
- Е) іс-қағаздар стилі

10. Құрмалас сөйлем дегеніміз кем дегенде екі жай сөйлемнен тұрып, күрделі ойды білдіреді..... Мәтін қай стиль түріне жатады?

- А) ресми стиль
- В) ауызекі сөйлеу стилі
- С) әдеби стиль
- Д) Ғылыми стиль
- Е) публицистикалық стиль

11. “Хаттама, мінездеме, хабарлама” стильдің қай түріне жатады?

- A) публицистикалық стиль
- B) Ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) әдеби стиль
- E) ауызекі сөйлеу стилі

12. Ресми іс-қағаздар түрін көрсетіңіз.

- A) мақала
- B) роман
- C) кейіптеу

D) өтініш

E) шығарма

13. Газет журналдар тілі қай стильге жатады?

- A) публицистикалық стиль
- B) Ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) әдеби стиль
- E) ауызекі сөйлеу стилі

14. Өмірбаян, кепілхат қай стиль түріне жатады?

- A) публицистикалық стиль
- B) Ғылыми стиль
- C) ресми іс-қағаздар стилі
- D) әдеби стиль
- E) ауызекі сөйлеу стилі




15. Экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер, неологизмдер, сұраулы, лепті сөйлемдер қандай стильдің сипатына сай келеді?

- A) публицистикалық стиль
- B) Ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) Көркем әдебиет стилі
- E) ауызекі сөйлеу стилі

16. “Айтпақшы”, “тәйірі”, “ұят-ай” сияқты сөздер қолданылатын стиль түрін анықтаңыз.

- A) публицистикалық стиль
- B) Ғылыми стиль

| | | | | |
|--------------------------------|---|--|--|--|
| | <p>С) ресми стиль Д) әдеби стиль Е) ауызекі сөйлеу стилі</p> <p>17. Сөйлем соңынан қойылатын тыныс белгіні табыңыз. А) сызықша В)сұрау, леп белгісі С)үтір Д)жақша Е) Қос нүкте.</p> | | | |
| <p>Соңы Кері байланыс</p> | <p>Үйге тапсырма: Өткенді қайталау</p> | | | |

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтінге жоспар құру</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Мәтінмен жұмыс жасауға, оқушының ойын жүйелеуге көмектесу | | | |
| Мақсаты | БІНТымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Топқа бөлу 2 минут Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p>  <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Қызыл гүлім-ай» би</p> | <p>Оқушылар топқа бөлініп отырады</p> <p>Оқушылар би билейді</p> |  | Оқулықтар суреттер, кестелер, слайдтар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>Тапсырма: Берілген мәтінге жоспар құр Хобби</p> <p>Хобби дегеніміз – әрбір адамның өзі сүйіп істейтін әрі қолынан келетін ісі. Біреулер сурет салғанды, біреулер ән айтқанды, ал енді біреулер топтама жинағанды ұнатады. Жер бетінде қанша адам болса, барлығының да бос уақытында айналысатын, өмірлік мәні бар сүйікті ісі болады.</p> <p>Қазақ қаламгерлерінің көпшілігінің өз сүйікті істері болған. Мәселен, балалар ақыны Мұзафар</p> | Оқушылар берілген мәтінге жоспар құрады. |  | Оқулықтар, суреттер, Плакаттар, слайд |

Әлімбаевтың хоббиі – сөзжұмбақ және сканворд құрау және шешу, әлем халықтарының мақал-мәтелдерін жинау және оларды қазақ тіліне аудару; жауынгер-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың хоббиі – сурет, жақсы кітаптар жинау; Қадыр Мырза Әлінің хоббиі – кітап, қалам, бәкі, төсбелгі жинау болса, жазушы-аудармашы Герольд Бельгер шахмат ойнауды жақсы көрген, классик жазушы Ғабит Мүсірепов неше алуан таяқ жинаған.

Қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаев оттықтан (зажигалка) топтама жинаса, Н.Ә.Назарбаевтың хоббиі – табиғат аясында болу, спортпен шұғылдану, музыка тыңдау және кітап оқу екен.

Сол секілді өнер адамдарының да хоббилері сан алуан, бірі құс өсірумен айналысса, екіншілері аңшылықпен, үшіншілері жылқы ұстаумен, төртіншілері қолөнер кәсібімен, гүл өсірумен т.б. істермен айналысқанды ұнатады.


Қарапайым жоспар :


Кіріспе. Хобби дегеніміз не?

Негізгі бөлім: Хобби түрімен айналысатын қазақ қаламгерлері



Қорытынды. Хоббидың маңыздылығы




Пайдаланылған әдебиеттер



| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | <p>Қызығушылығын ояту «Араласып кеткен оқиғалар» стратегиялары бойынша жұмыс істеу шағындау мәтін таңдап алынады. Мәтін бір бет қағазға жазылады, бөлімдер бойынша бірнеше бөлікке бөлініп қырқылады. Ол бөліктер партаның бетіне орындарын ауыстырып, араластырып, жайылып қойылады.</p> <p>Оқушылар осы мәтіннің бөліктерін оқып, мазмұнына қарай тауып құрастырады. Әр топқа құраған мәтіннің мазмұнын айтқызуға болады.</p> <p>Содан кейін осы мәтіннің әр бөлігіндегі негізгі ойды тауып, бір сөйлеммен жазу тапсырылады. Әр топтың жазғанын тыңдай келе, ішінен біреуі таңдап алынып, тақтаға жазылады. Міне, осылайша мәтін жоспарын құру дағдыларын қалыптастыру көзделеді.</p> <p>1-топ тапсырмалары.</p> <p>Әр суретке назар аударамыз, осыған әңгімелеу, мәтінін құрастыру (Оны сосын газетке жапсырамыз).</p> <p>2-топ тапсырмалары Лашын мәтініне жоспар құру.</p> <p>3-топ тапсырмасы</p> <p>Итбалық мәтінінен пайымдау мәтінін дәптерге көшіру.</p> <p>Итбалық, күрт, тыйым-сөздерін буынға бөл. Жануар-сөзіне дыбыстық</p> | <p>Топтық жұмыс Оқушылар суретке қарап мәтін құрайды</p> <p>Оқушылар жоспар құрады</p> <p>Жазылым дағдысын орындайды</p> |  <p>Өте жақсы</p> <p>Жақсы</p> <p>Әлі де дайындықты қажет етеді</p> | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|---------------------------------|--|--|
| | <p>талдау жасау.</p> <p>Әңгімелеу-сары Сипаттау- жасыл Пайымдау-көк.. Қай мәтіннің түріне жатса, сол түсті көтеру керек.</p> <p>Мұғалім оқиды. а)Газет әр түрлі болады. Біреуі 2-беттік, біреуі бірнеше беттен.Ал кейбірі балаларға арналады. Онда өте қызықты оқиғалар, шығармалар бар.(сипаттау). б)Біздің мектепте Жыртқыш қоян деген спектакль болды. Спектакль балаларға ұнад, біз бің сыныптан 10оқушы барды. (әңгімелеу).</p> <p>в)Спектакльде қасқыр өзіне дос іздеді.Қоян одан қорқады,өйткені қасқыр жыртқыш. Қасқыр оны басқа аңдардан қорғаған соң ,олар екеуі дос болды.- -Балалар сендірдің ойларыңша неге мәтін түрлерін айра білу қажет?</p> <p>(Сауатты әр мәтінді әр уақытта пайдалану үшін).</p> <p>— Біз сендірмен бүгін сөз шеберлеріміз, сондықтан біз</p> <p>1-топ жарнама біздің сыныпқа құрастырады. 2-топ Өткен аптада мектебімізде болған жаңалықты айтады. 3-топ Әңгімені толықтырып басып шығарады</p> | <p>Топтық жұмысты орындайды</p> | | |
|--|--|---------------------------------|--|--|

| | | | | |
|----------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>Рефлексия</p>  <p>Сабақ қызықты өтті, барлығын түсіндім!</p> <p>Сабақ көңілісіз өтті, шаршадым!</p> <p>Сабақта еш нәрсе түсінбеді қоңырауды асыға күттім!</p> <p>Үйге тапсырма беру: сипаттауға арналған мәтін жазып келу</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p><i>Бас бармақ арқылы бағалау</i></p> <p>Бас бармақ</p>  <p>Өте жақсы</p> <p>Жақсы</p> <p>Орташа</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|----------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|--|---|---|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау. | | | |
| Мақсаты | Ынтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылардың көңілін сабаққа аудару</p>  <p>Сабақтың тақырыбын хабарлау Сабақтың мақсатымен таныстыру</p> | Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. |  | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>«Ойлан. Жұптас. Бөліс» Жеке жұмыс. Мәтінді оқып, қандай жанрда жазылғанын анықтайды. «Жариялау» әдісі арқылы оқушылар бір- біріне сұрақтар қояды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Проза жанры. 2. Мақала 3. Тақырыбы. Ш. Уәлиханов отбасы мен Г.Н Потаниннің достығы 4. Идеясы: Достық- әрқашан мәңгілік болу керек. <p>Т Ж. Қолдану Сұрақтарға жауап беріңдер. • Мәтіннің кейіпкерлері сендерге таныс па? • Мәтінде кімдердің достығы</p> | Оқушылар мәтінді оқиды. Бір – біріне сұрақтар қояды |  | Оқулықтар, суреттер, слайдтар |

туралы айтылады?
 • Потанин ертегілер мен эпикалық жырларды кімдерден естіген? Басқа қандай ұлы адамдардың достығы туралы білесіңдер. білесің?
 (Оқушылар проблемалық сұрақтар қояды., жауап береді, өз жауаптарын басқалардың жауаптарымен салыстырады, талқылайды)


1.Ж Талдау 1-тапсырма.
Мәтіндегі тұлғалар туралы өз пікірлерін айтады.
Бірінші сөйлем. «Менің білуімше, Шоқан Уәлихановтың көптеген орыс достары болған»
Екінші сөйлем «Себебі , мен оны ұлы ғалымның орыс ғылымында бағасы мен дәрежесі жоғары болған деп түсіндіремін»
Үшінші сөйлем . «Оны мен, Шоканның Ф.Достаевский, П.Березин, Г. Потанинмен жазған хаттары деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын
Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен, Ш.Уәлиханов қазақтың перзенті бола тұрып, орыс ғылымына көптеген еңбек сіңірген ғалым болды деген мынандай қорытындыға келдім»»

2-тапсырма.Еліктеуіш сөздерді пайдаланып, Уәлиханов отбасындағы Г.Г. Потанинды қарсы алуын жазады.
 Мысалы:
 Шоқанның ауылына оның досы Г.Н.Потаниннің келгеніне абыр-сабыр қарбалас болды. Досын асыға күткен Шоқанның жүрек соғысы да дүрс- дүрс деп тұрғандай. Оның ойын балалардың сылқ-сылқ еткен күлкісі бөліп жіберді.



Оқушылар өз ойын айтады.

Дәптермен жұмыс жасайды

Өте жақсы
 Жақсы
 Әлі де дайындықты қажет етеді





| | | | | |
|----------------------------------|--|--|---|-----------------------------------|
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>«Жобалық сурет» «Мен осындаймын» Жаттығудың мақсаты: қатысушылардың өзін-өзі объективті бағалауына ықпал ету. Қатысушылар ешкім көрмейтіндей етіп, өзінің суретін салады. Содан кейін барлық суреттер жиналады және араластырылады. Әр сурет бойынша пікір алмасу жүргізіледі. Үйге тапсырма беру: өткенді қайталау</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <p>- өте жақсы</p> <p>- жақсы</p> <p>- орташа</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|----------------------------------|--|--|---|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|---|---|----------|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Аралас мәтіндермен жұмыс</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру. Қоғамдағы түрлі мәселерді баяндай отырып, жан-жақты ақпарат беру. Мәтіндегі ойды дұрыс айқындауға үйрету. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. | | | |
| Мақсаты | Ынтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру: сәлемдесу, түгелдеу</p> <p>Психологиялық дайындық</p> <p>Топқа біріктіру</p> <p>Тренинг «Жұлдызыңды таңдап ал» өздерін бір әдемі гүлге теңейді.</p> <p>Мен қызғалдақпын әдемі, нәзік, жұпар иісімді жан-жағыма шашамын!</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>(Сыныпты мәтін түрлері арқылы 3 топқа біріктіріп аламын және топ басшысын өздері сайлап алады. Топ ережесімен таныстыру. Бағалау парақшасын таратып беру)</p> <p>II. Үйге берілген тапсырма</p> <p>Ой бөлісу:</p> <p>Мәтін дегеніміз не? (өзара мағыналық байланысты айтылатын екі не одан көп сөйлем құралған автордың ой-пікірі)</p> <p>Мәтін құрамындағы сөйлемдердің орнын ауыстырып айтуға бола ма? (Жоқ. Себебі, мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің өз орны болады)</p> <p>Мәтіннің қандай түрлері бар? (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау)</p> <p>әңгімелеу, пайымдау, сипаттау мәтіндеріне қандай сұрақтар қойылады?</p> <p>әңгімелеу – не істеді? Пайымдау – неліктен? Сипаттау – қандай?</p> <p>(Оқушыларға бұл іздендіру жұмысы үй тапсырмасына</p> | Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. | Мадақтау | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |

| | | | | |
|-----------------|--|--|---|---|
| | берілген болатын) | | | |
| | | Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне | | |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>Бірінші мәтін бойынша жұмыс - Мен сөз жасырдым. Бұл сөз екі сөзден құралып тұр. Бір таңбалы сан + адам дене мүшесі = суда тіршілік ететін жәндік. Жауабы: сегізаяқ (интерактивті тақтадан сегізаяқтың суреті және мәтін көрсетіледі.) Ендеше бірінші мәтін «Сегізаяқ» деп аталады. - Бұл мәтін не туралы? – Тақырыбы қалай аталады? Мәтіндегі сөйлемдерге қандай сұрақтар қоюға болады. (Оқушылар жауабы: - Сегізаяқ не істейді? - баяу қозғалады.– Жауын көргенде қайтеді?- құтылып кетеді. Аяқтарын төмен салбыратса не істейді? Ұйқыға батады, ұйықтай береді - Яғни осы аталған сөздер бұл мәтіндегі тірек сөздер. Осы тірек сөздер мәтіндегі сөйлемдер арасында байланыс жасап тұр. Бұл мәтіннің - әңгімелеу түріне жатады. Себебі, бір оқиғадан соң екінші оқиға айтылады. (Сөйлемдердің орындарын ауыстыруға болмайды. Егер құрылымы бұзылса мәтінде не туралы айтылғанын ұғу қиын болады.) Әңгімелеу мәтінінің ерекшелігі: 1) Мәтін «не істейді, не істеді» деген сұрақтарға жауап береді. 2) Тірек сөздері - етістіктерден болады. 3) Сөйлемдер тізбектеле байланысады. Мәтін соңына қарай негізгі ой айтылады. (1 - тірек - сызбада көрсету)</p> <p>Әңгімелеу мәтінін түсінгендерін</p> | <p>Оқушылар сөздерді тауып жазады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Оқушылар берілген заттармен сөйлем құрайды.</p> <p>Оқушылар топтық жұмысты орындайды.</p> <p>Оқушылар</p> |   | <p>Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындашта р Қайшы Қағаздар , плакаттар</p> |

| | | | |
|---|--|-----------------|--|
| <p>байқау. Ақбөкен Ақбөкендер ен даланы мекендейді. Олар топ - тобымен жайылады. Кәрі ақбөкендер қарауыл қарайды. Қауіп төнгенде пысқырып дауыс береді. - Бұл мәтіннің қай түрі?</p> <p>2) Топпен жұмыс. – Осы мәтіндегі тірек сөздерді табыңдар.(мекендейді, жайылады, қарауыл қарайды, дауыс береді)</p> <p>3) Екінші мәтінмен жұмыс. Оқулықпен жұмыс «Лашын»(70 бет) - Мәтінге сұрақты қалай қоюға болады? – Мәтінде лашынды қандай деп сипаттайды? - Лашын қандай құс? - Оның арқасы, алқымы қандай? - Көзі қандай?- Қанаты қандай? Бұл - сипаттау мәтіні. Сипаттау мәтінінің ерекшелігін өздерің тауып айта аласыңдар ма? (Әр топтың жауабын тыңдау). Сипаттау мәтінінің ерекшелігі: 1) Сөйлемдер заттың түр - түсін, қасиетін суреттейді. 2) Сипаттау мәтіні « Қандай?» деген сұраққа жауап береді. 3) Тірек сөздер – сын есімдерден болады.(2 - тірек - сызбада көрсету)</p> <p>4) Үшінші мәтінмен жұмыс. (Интерактивті тақтадан қайыңның суреті мен мәтін көрсетіледі.) Қайың. Қайың - пайдалы ағаш. Өйткені, қайыңнан түрлі жиһаздар жасалады. Оның майымен былғары өңделеді. Ол улы газдарды өткізбейді. Бұл - мәтіннің қай түрі болады деп ойлайсыңдар? НЕ себепті? – Немен дәлелдейсіңдер? Бұл - пайымдау мәтіні. Себебі, бірінші сөйлемде негізгі ой айтылады. Ал қалған сөйлемдерде сол ой дәлелденеді. (3 - тірек - сызбада көрсету)</p> | <p>мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Сұрақтарға жауап беріп өз ойларын айтады.</p> <p>Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындайды</p> | <p>Мадақтау</p> | |
|---|--|-----------------|--|

| | | | | |
|--------------------------------|---|--|--|-----------------------------------|
| | <p>Пайымдау мәтінінің ерекшелігі: 1) Пайымдау мәтіні « Неліктен?» деген сұраққа жауап береді. 2) Бірінші сөйлемде негізгі ой айтылады. Ал қалған сөйлемдерде сол ой дәлелденеді. 3) Тірек сөздері - "өйткені", "себебі", "біріншіден ", "екіншіден,"--- деген сөздер</p> <p>VI. Түсінгендерін тексеру 1) Тірек сызбаны пайдаланып мәтін құрау. Әр топқа тапсырма беру. Үш топта "Түйе" тақырыбына мәтін құрайды. 1 - топқа: Мәтін "Түйе - төрт түлік малға жатады"- деп басталады. Тірек сөздері не істеді? не қылды? қайтті? сұрақтарына жауап береді. Әңгімелеу мәтіні болу керек. 2 - топқа: Мәтін "Түйе - сирақтары ұзын, өркешті жануар"- деп басталады. Тірек сөздері қандай? деген сұраққа жауап береді. Сипаттау мәтіні болу керек. 3 - топқа: Мәтін "Түйе адамға пайдалы, себебі, "- деп басталады. Тірек сөздері неге? неліктен? деген сұрақтарға жауап береді. Пайымдау мәтіні болу керек.</p> | | | |
| <p>Соңы Кері байланыс</p> | <p>Оқушылар өздерін «Ауа райы» әдісі арқылы бағалайды. «Бір айналым сұхбат» стратегиясы арқылы ой бөлісу \топтық жұмыс\ Қалай ойлайсың, аралас құжаттар құру қаншалықты тиімді?</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p>Топтар бірін бірі «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалайды.</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні: | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Қателермен жұмыс | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру. Қоғамдағы түрлі мәселерді баяндай отырып, жан-жақты ақпарат беру. Мәтіндегі ойды дұрыс айқындауға үйрету. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Жазбаша грамматикалық сауаттылығында жіберілген олқылықтарды жою, білімдерін нақтылау | | | |
| Мақсаты | Ынтымақтастық құндылығын топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойына дарыту; Жұптық жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтқыза отырып, ашықтық құндылығына тәрбиелеу | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.  | Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. |  | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақты меңгерту Қызығушылықты ояту Құстар жайлы бейнежазба көрсету. Топпен тірек сызба толтырады. Дескрипторлар: <ol style="list-style-type: none"> 1. Көрген бейнежазба бойынша керекті ақпаратты түртіп алып отырады. 2. Тапсырманы дұрыс , әрі шапшаң орындайды. 3. Топ мүшелерінің барлығы жұмыс жасайды. Оқылым. 1-тапсырма. | Оқушылар бейнежазба көреді Оқушылар мәтінмен жұмыс жасайды |   | Оқулықтар, суреттер Кестелер, слайдтар |

«ДЖИГСО» әдісі арқылы мәтінді оқып, талда.

1А тапсырмасын ауызша орындайды. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты тауып айтады.

Дескрипторлар:

1. Әр мәтін бөлігін мазмұны бойынша толықтай жеткізе алады.
2. Ақпараттың дұрыс/бұрыстығын қатесіз ажыратады.

Сергіту сәті Оқушыларға көп мағынасы бар сөздер жасырылады. Ол сөздер оқушылардың арқасында жабысып тұрады. Қалған сынып оқушыларының көмегімен жасырылған сөзді табады.

Ереже түсіндіріледі.

Көп мағыналы сөз дегеніміз – екі немесе одан да көп мағынаға ие сөздер.

Топпен жұмыс:

1-топ: 2-тапсырма.
Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген сөздердің ауыспалы мағыналарын тауып жазыңдар.

2-топ: Берілген сөздердің тура мағынасын анықтаңдар.

3-топ: Мағынасы бөлек тіркесті табыңдар, себебін түсіндіріңдер.

Дескрипторлар.

1. Топпен ұжымдасып

Қимыл қозғалысты іс әрекеттер жасайды.


Оқушылар берілген тапсырманы топпен орындайды.



Оқушылар аудионы тыңдайды

Жазылым тапсырмасын орындайды.

Мадақтау



| | | | | |
|----------------------------------|---|--|------------------|-----------------------------------|
| | <p>орындайды.</p> <p>2. Берілген уақытта орындайды.</p> <p>3. Сөздердің мағыналарын дұрыс ажырата алады.</p> <p>Тыңдалым.</p> <p>№ 19 аудионы тыңдайды.</p> <p>5. тапсырмасы.</p> <p>Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты ауызша көрсетеді.</p> <p>Жазылым.</p> <p>6-тапсырма. Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тауып, орфографиялық нормаға сай түзетіндер.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөздерді дұрыс анықтайды. 2. Сөздерді сауатты, дұрыс жазады. | | | |
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> |  | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p>Бағдаршам</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

| | | | | |
|-----------------------|---|---|---|-------------------------------|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтіндерге синтаксистік талдау</i> | | | |
| Мақсаты | Оқушылардың синтаксистік талдауын терең меңгерту | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы |  <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру</p> <p>“Ыстық алақан” әдісі арқылы (Оқушылар қол ұстасып тұрып, бір-біріне жақсы лебіз білдіреді).</p> | Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. | От шашу арқылы бір-бірін бағалау. | Оқулықтар, суреттер, слайдтар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>Синтаксистік талдау: Сөйлемнің тыныс белгісін үйретуде мын адай талдаулар жүргізіледі.</p> <p>I. Айтылу сазы мен мазмұнын а қарай: хабарлы, лепті, сұрау лы, бұйрықты.</p> <p>II. Құрылысына қарай:</p> <p>1. Жай сөйлем</p> <p>2. Құрмалас сөйлем:</p> <p>Мезгіл мәнді, себеп мәнді, қар сылықты мәнді, шартты мәнді, салыстырмалы мәнді, түсіндірме м әнді, толғау мәнді, амал мәнді, мақ сат мәнді.</p> <p>III. Сөйлем мүшелері: а) бастауыш , ә) баяндауыш, б) толықтауыш, в) анықтауыш, г) пысықтауыш.</p> <p>IV. Жай сөйлемнің түрлері: а) жал аң, жайылма, ә) толымды, толымс ыз,</p> <p>б) жақты, жақсыз, в) атаулы.</p> <p>V. Сөз тіркестері: а) еркін тіркес (есімді, етістікті), ә) тұрақты тіркес.</p> <p>VI. Сөздердің байланысу түрлері: а) қиысу, ә) меңгеру, б) матасу, в) қабысу, г) жанасу.</p> <p>VII. Сөздердің байланысу тәсіл дері: а) интонация, ә) жалғаулар, б)</p> | <p>Оқушылар жаңа сабақты меңгереді</p> <p>Оқушылар мәтінге синтаксистік талдау жасайды</p> |  <p>Оқушылар бір – бірін отшашу арқылы бағалайды.</p> | Оқулықтар суреттер, слайдтар |

септеулік шылаулар, в) орын тәртібі.

1 тапсырма:
Абай қарасөзіне синтаксистік талдау жаса

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз. Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!»



Оқушылар ойын ойнайды

Қимыл қозғалысты іс әрекеттер жасайды.

кыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

2 тапсырма

Ойын-сергіту жаттығуы «Сатымен кім тез көтеріледі?»

Ойынның шарты: Тақтаға не қағазға саты сызылып, оның сол жағына лепті сөйлемнің көңіл-күйді білдіретін түрлері, ал оң жағына сөздер мен сөз тіркестері жазылған. Тиісті көңіл-күйді білдіретін сөзді тауып, қасындағы сөздермен байланыстырып лепті сөйлем құрап айтып шығып, сатының басына тез көтерілу керек.



■ Куаныш әкем келді!



■ Бұйыру тезірек!




■ Өкіну кеше келсемші!

■ Таңдану әдемі сурет!

Сергіту сәті:



| | | | | |
|----------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>«СМС» әдісі</p>  <p>Үйге тапсырма беру:қайталау</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <ul style="list-style-type: none"> - өте жақсы - жақсы - орташа | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
|----------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|

| | | | | |
|--|--|---|---|---|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | | | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Мәтіндерге морфологиялық талдау</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларға морфологиялық талдау жұмыстарын терең түсіндіру | | | |
| Мақсаты | Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы |  <p><i>Психологиялық дайындық.</i></p> <p>Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Ал қанекей біріміз Сәлем дейік үлкенге.</p> | Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. | От шашу арқылы бір- бірін бағалау. | Оқулықтар суреттер Кестелер Сызғыш қарындаштар |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>1 тапсырма:</p> <p>Таңатқанда, Шолпан батқанда... көрген соң, жақын келген соң... («Қобыланды батыр» жыры)</p> <p>Өлең жолдарына морфологиялық талдау жасап, есімшелерді табындар.</p> <p>2 тапсырма: Сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тасбақа • Алыс-жақын • Келіп отыр • Ешкім • жаздыгүні <p>Сергіту сәті:</p> | <p>Оқушылар талдау жасайды</p> <p>Оқушылар талдау жасайды</p> <p>Қимыл қозғалысты іс әрекеттер жасайды.</p> |   | Оқулықтар, слайд |

| | | | | |
|--|--|--|---|-----------------------------------|
| | <p>Сергіту сәті:</p> <p>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлға да қимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз!</p>  | |  | |
| <p>Соңы Кері байланыс</p> | <p>Кері байланыс</p>  <p>«Бес саусақ» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бас қимыл – басты мекенім. Бұлған сабақтағы ең құрметті мекенім қандай болды? 2. Қолым ұшы – бірлесіп білесіңдер! Қалай өзгеріс жасадым? Қалай өзгерттім? Қалай ұстадым? 3. Сыртқы ұшы – айлау. Мәкем бұған қандай бәрімен танырмын? Қалай? 4. Сыртқы ұшы – қарама-қарсы. 5. Қолымның басы – маңдай күмі. Мәкем сабақтағы ең құрметті мекенім қандай болды? | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  <ul style="list-style-type: none"> - өте жақсы - жақсы - орташа | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |
| <p>Үйге тапсырма беру: мәтінге морфологиялық талдау жасап келу</p> | | | | |

жұмысымыз осы қараторғай туралы болады. Қараторғайды сипаттау.

2. Мазмұндаманы екі рет мәнерлеп оқу, мазмұнын талдау.

Балапан мен мысық
Наурыз айы келді.

Балалар қараторғайға ұя жасады. Асан да құстарға ұя дайындады. Бір күні ұяда үш балапан пайда болды. Шешелері тамақ әкелуге кеткенде аш балапандардың біреуі жерге құлап түсті. Оны көріп ала мысық балапанға жақындай түсті. Қараторғайлар балапанын айнала шырылдай ұшып, Асаннан көмек сұрағандай болды. Ол қолына шыбық ала салып мысықты біраз жерге дейін қуып тастады. Жерде жатқан балапанды апарып ұясына салды. Қараторғайлар шат - шадыман болып әсем әуенге басты.







3. Мәтін мазмұнын 2 - 3 оқушыға айтқызу. Сөздік жұмысын жүргізу.


4. Сұрақтар қою, әңгімедегі негізгі ойды тапқызу.

- Көктемнің қай айы туды? Балалар не жасады?

Сұрақтарға жауап береді

Мәтінге жоспар құрады

| | | | | |
|--------------------------------|--|--|--|-----------------------------------|
| | <p>- Кім құстарға ұя дайындады? - Ұяда неше балапан пайда болды? Аш балапан қайтті? - Не балапанға жақындай түсті? - Қараторғайлар қайтті? Олар кімнен көмек сұрағандай болды? - Асан не істеді? 5. Мәтінге жоспар құру Жоспар: 1. Ұя жасау 2. Балапанға төнген қауіп 3. Араша түскен Асан Тіректі сөздер мен сөз тіркестерін жазу: аш балапан, шыбық, шат - шадыман, әсем әуенге</p> | | | |
| <p>Соңы Кері байланыс</p> | <p>Бағдаршам әдісі бойынша бағалау  Қызыл – мен ештеңе түсінбедім Сары – маған әлі де түсініксіздеу Жасыл – маған бәрі түсінікті</p> <p>Үйге тапсырма беру: қайталау</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> | <p> - өте жақсы  - жақсы  - орташа</p> | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

| | | | | |
|--|---|--|---|--|
| Педагогтың аты - жөні | | | | |
| Күні | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | <i>Қорытынды сынақ тапсырмалары</i> | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру. Қоғамдағы түрлі мәселерді баяндай отырып, жан-жақты ақпарат беру. Мәтіндегі ойды дұрыс айқындауға үйрету. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Жазбаша грамматикалық сауаттылығында жіберілген олқылықтарды жою, білімдерін нақтылау | | | |
| Мақсаты | <ul style="list-style-type: none"> оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру | | | |
| Сабақтың барысы | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының іс- әрекеті | бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | <p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>«Қолдағы хат».</p> <p>Әрқайсысы өзіне серігін таңдап, қарама – қарсы тұра қалады. Бойы ұзындау бала, көзін жұмып тұру керек. Егер бойлары бірдей болса, кімнің жасы үлкен (туған күні 1 - 2 айға ертерек) бала көзін жұмады. Көзін жұмып тұрған бала қолын алға созып тұрады. Көзі ашық бала соның алақанына хат жаза бастайды, жеке тұрған баспа әріптерді. «Соқыр» ойыншы сол әріптерді табуға тырысып, не оқығанын айтып беру керек. Бір әріпті жазғаннан кейін келесіні жазар алдында бұрын жазылған әріпті өшіріп тастап отыру керек</p> | <p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p> |  | <p>Оқулықтар суреттер</p> <p>Кестелер</p> <p>Сызғыш</p> <p>қарындаштар</p> |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақты меңгерту</p> <p>1. Тапсырма. Сурет бойынша мәтін</p> | <p>Сурет бойынша әңгіме құрастырады</p> | <p>Мадақтау</p> | <p>Оқулықтар суреттер</p> <p>Кестелер</p> <p>Сызғыш</p> <p>қарындаштар</p> |

құрастырындар.



2. Тапсырма. Кім жылдам?



3. Тапсырма. Қай мәтін түріне жатады?



- Қыздың шашы _____
- Қыздың көзі _____
- Қыздың көйлегі _____
- Қыздың аяқ киімі _____

4. Тапсырма. Кітап қалай жасалады?

Кейіпкермен сөйлес



- Мені кім «тербетіп, аялап» өсірді?
- Жасым сақинамда жазулые кенін білесіңдерме?
- Қартайғанымды қалай білдіңдер?
- Қалай ойлайсың, ағашқа кім қамқорлық жасауы керек?

«Оқулықты күту ережесін» құрып жаз.
1. Пайдаланған

р
Қайшы
Қағаздар,
плакаттар

Әр дұрыс жауапқа бір ұпай



Сұрақтарға жауап береді


Мадақтау

Жазылым тапсырмасын орындайды

Бағдаршам

Басбармақ

| | | | | |
|--|---|---|--|--|
| | <p>кітапты орнына қой. 2. ... 3. ...</p> <p>5. Тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы және жұбыңмен толықтыр. Білуші едім – Ең мықты ағаш дегенді. Жапырағы Саясы бар көлемді. Жерді бауырдан, Нәр алады жауыннан. Көп жасайтын кәрі емен, Қорықпайды дауылдан.</p> <p>6. Тапсырма. Топпен жұмыс «Дебат» әдісі Стиль тақырыбына өзара пікір сайыс ұйымдастыру</p> <p>7. Тапсырма Мұғалім оқушыларға бейнежазбаны «Стоп-кадр» әдісі арқылы бірнеше табиғат құбылысының қалай пайда болғаны, табиғат құбылысының қалай өзгеріске ұшырағаны туралы сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар өз ойларын ортаға салады. • Бір суретке қатысты әрбір оқушының ойлары әр түрлі екендігі анықталады. <p>Ойлау картасын құрастыру Жеребе тастау арқылы Қазақстанның ғажайып жері бейнеленген суреттерді таңдалады. Топта ақылдасып,</p> | <p>Жұптық тапсырманы орындайды</p> <p>Топтық тапсырманы орындайды</p> <p>Оқушылар сурет бойынша жұмыс жасайды</p> | <p>Мадақтау</p> <p>Әр дұрыс жауапқа 1 балл</p> <p>Қол шапалақтау</p> | |
|--|---|---|--|--|

| | | | | |
|--|---|---|----------------------------------|--|
| | <p>суреттегі ғажайып жерді сипаттай отырып, тірек сөздерді жазу.</p> <p>-Бұл қандай жер? Ол қандай өңірде орналасқан? -Ол жерде не бар? -Оның қандай ерекшелігі бар? -Осы жерлермен байланысты қандай аңыз, әңгімелерді білесің? -Неге олай аталды деп ойлайсыңдар? Жазылған тірек сөздердің негізінде жоспар құру.</p> <p>Мысалы: Жоспар</p> <ul style="list-style-type: none"> • негізгі бөлім: түсініктемелер, толықтырулар, көрнекіліктер, дәлелдер мен берілетін негізгі ой; • қорытынды: негізгі бөлімде айтылғандармен сәйкес жасалған түйіндер. <p>Зерттеуші журналы</p> <p>8.Тапсырма.Қызығушылықты ояту Тапсырма атауы: «Қазақстан елінің жер қойнауы»</p>  <p>Мұғалімнің әрекеті: Мұғалім қазба байлықтардың картасын көрсетеді. Сұрақ: ✓ Картадағы шартты белгілер нені</p> | <p>Карта құрастырады</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> | <p>Әр дұрыс жауап 1 балл</p> | |
|--|---|---|----------------------------------|--|

| | | | | |
|--|---|---|--|--|
| | <p>білдіреді? ✓ Сіздің ойыңызша жер асты қойнауының шикізат қоры шексіз нәрсе ме? ✓ Неліктен? Оқушылар әрекеті:Картаны оқушылар жұпта талқылайды. Оқылымалды тапсырмасы. Оқушыларға мақалдар таратылып беріледі, оны жұпта оқиды, мақалдың мәнін ашады. Мақалдағы асты сызылған қазба байлықтарының рөлі қандай? Ол мақалда қалай көрініс тапқан? Жалтырағанның бәрі – алтын емес. Аз сөз алтын, көп сөз көмір. Темірді қызғанда соқ. Жайсыз болған жаздан Жайлы келген қыс артық. Көріксіз соққан күмістен Келісті соққан мыс артық. Тауып сөйлесең — күміссің, Таппай сөйлесең — мыссын.</p> <p>9.Тапсырма.Тест тапсырмалары Есімді сөз тіркесін көрсетіңіз. А) Біліміне таңғалды. В) Әнді тыңдады. С) Кеше келді. D) Бесінші сынып. Е) Көп ойланды. Дұрыс жауап: D</p> | <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Тест шешеді</p> | | |
|--|---|---|--|--|

Сөз тіркесінің түрін көрсетіңіз.
 А) 5.
 В) 2.
 С) 3.
 D) 4.
 E) 1.
 Дұрыс жауап: В
 Лепті сөйлемді анықтаңыз.
 А) Па! Шіркіннің сөзі!
 В) Мынау қоян жепті ғой.
 С) Не күдігіңіз бар еді?
 D) Қандай айғақ таптыңыз?
 E) Ертең қызық болады.
 Дұрыс жауап: А
 Бұйрықты сөйлемді көрсетіңіз.
 А) Алатаудың көркін айтсаңшы, шіркін!
 В) Ауылға ақындар келді.
 С) Мен шебер бола алар ма екенмін?
 D) Осы жағдай сенің де есінде болсын.
 E) Мәселесі шешілді.
 Дұрыс жауап: D
 Сөйлемді анықтаңыз.
 А) Тепсе темір үзетін.
 В) Ақ шағала.
 С) Қызыл күрең шай.
 D) Суға жүзу жарысы.
 E) Біз жидек тердік.
 Дұрыс жауап: E
 Сұраулы сөйлемді анықтаңыз.
 А) Ол бізге келмеді.
 В) Ол бір қызық дәуір екен.
 С) Үйде пеш жоқ.
 D) Десятниктерің кім.
 E) Пай-пай, мына аттың семізін-ай.
 Дұрыс жауап: D
 Сұраулы сөйлемді көрсетіңіз.
 А) Осының бәрі рас.

В) Беу шіркін, таудың күйі, тастың күйі.
 С) Адамнан мықты не бар екен.
 D) Бала қарсы айтуға сөз таба алмады.
 E) Оралым менің, Оралым.
 Дұрыс жауап: С
 Айтылу түрлеріне қарай сөйлемдердің неше түрге бөлінетінін анықтаңыз.

A) 1.
 B) 2.
 C) 3.
 D) 4.
 E) 5.
 Дұрыс жауап: D
 Хабарлы сөйлемнің ерекшелігін белгілеңіз.

A) Іс-әрекеттің белгілі бір шақта жүзеге асатындығын білдіреді.
 B) Жетек сұрақтар арқылы жасалған сөйлем.
 C) Ерекше эмоциямен айтылатын сөйлем.
 D) Көңіл-күйді білдіретін сөйлем.
 E) Бұйрық не шартты райға –шы, -ші жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөйлем.
 Дұрыс жауап: A
 -ақ, -ай, -ау, ғой шылауларының қатысымен жасалатын сөйлем түрін анықтаңыз.

A) Хабарлы сөйлем.
 B) Бұйрықты сөйлем.
 C) Лепті сөйлем.
 D) Жай сөйлем.
 E) Сұраулы сөйлем.
 Дұрыс жауап: C
 Ма, ме, ба, бе, па, пе шылауларының

| | | | | |
|----------------------------------|---|--|--|-----------------------------------|
| | <p>қатысуымен жасалатын сөйлемді атаңыз.</p> <p>А) Хабарлы сөйлем. В) Бұйрықты сөйлем. С) Лепті сөйлем. D) Жай сөйлем. E) Сұраулы сөйлем.</p> <p>Дұрыс жауап: E</p> <p>Сөйлем түрін белгілеңіз.</p> <p>Жібермесем, сағы сынады-ау()</p> <p>Тәуекел, жіберсем бе екен()</p> <p>А) Хабарлы сөйлем. В) Бұйрықты сөйлем. С) Лепті сөйлем. D) Жай сөйлем. E) Сұраулы сөйлем.</p> <p>Дұрыс жауап: C</p> | | | |
| <p>Соңы</p> <p>Кері байланыс</p> |  <p>Үйге тапсырма беру: өткенді қайталау</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен кері байланыс жасайды</p> |  | <p>Кері байланыс тақтай шасы.</p> |

Қорытынды

«Аралас мәтіндермен жұмыс» авторлық бағдарламасы қазіргі ақпараттық қоғамның талаптарына сай орта буын оқушыларының мәтіндерді түсіну және талдау қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды бастама болып табылады. Бағдарламаның өзектілігі мен жаңашылдығы оның мазмұнында айқын көрініс тапқан.

Бұл бағдарлама - оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру жолында қажетті ақпарат көзі болып табылады.

Ұсынылған бағдарламаның артықшылықтары:

- Оқушыларға әртүрлі тілдік және стильдік элементтерді қамтитын мәтіндерді түсіну және талдау дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың ақпараттық сауаттылығын арттырады. Бұл дағдылар қазіргі қоғамда қажетті болып табылады.

- Аралас мәтіндермен жұмыс істеу оқушылардың әртүрлі мәдениет пен тілдерді түсіну қабілетін дамытады, бұл олардың әлемге деген көзқарасын кеңейтеді.

- Бағдарлама мәтіндерді талдау, салыстыру және синтездеу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

- Бағдарламада қолданылатын жаңа әдістемелік тәсілдер мен техникалар мұғалімдерге оқыту процесін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

- Оқушылардың пікірталасқа қатысуы, өз ойларын жеткізуі және басқалардың көзқарастарын тыңдауы арқылы олардың коммуникативтік дағдылары артады.

- Бағдарлама цифрлық құралдар мен ресурстарды тиімді пайдалануға үйретіп, оқушылардың технологиялық сауаттылығын арттырады.

Қорытындылай келе, «Аралас мәтіндермен жұмыс» бағдарламасы оқушылардың заманауи ақпараттық кеңістікте тиімді әрекет етуіне қажетті дағдыларды қалыптастырып, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал. – Орал: «Ағартушы», 2008. – 148б.
2. Аяғанова А.Ж. KEYC-STUDY ӘДІСІ: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2024. – 77 б.
3. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1996. –248б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992, –448б.
5. Лернер М.Я. Дидактические основы методов обучения. – Москва: Педагогика, 1981. –83с.
6. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы.- Алматы:Print-S, 2005.-170б
7. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991.–184б
8. Тлебалдина Н.Қ.Бағалаудың өлшемдік технологиялары. Оқу- әдістемелік құрал. – Семей: «Интеллект» баспасы, 2019.-123 бет
9. <https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/167/>
10. <https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/1403/>
11. <https://astanamodern.edu.kz/wpcontent/uploads/2021/08/>

Балалар үшін:

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: «Білім», 2-басылымы 2007. – 112б
2. Жұмағұлова А.Ж. Ғылыми стильді оқыту: Биология факультеті студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 85 б.
3. Миятбекова Ж. К. Эссе жазу әдістемесі . Шымкент қаласы, 2021 –81б.